

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ

Жеке қаржылық есептілік

*2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,
тәуелсіз аудитордың есебімен бірге*

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың есебі

Жеке қаржылық есептілік

Жеке бухгалтерлік баланс.....	1
Жиынтық кіріс туралы жеке есеп.....	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп.....	3
Капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп.....	4
Жеке қаржылық есептілікке ескертпелер.....	5-46

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның Акционері мен Басшылығына

Пікір

Біз «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның (бұдан әрі «Қор») жеке қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жеке бухгалтерлік баланс, жиынтық кіріс туралы жеке есеп, капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп және көрсетілген күнге аяқталатын жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп, сондай-ақ жеке қаржылық есептілікке ескертпелер, оның ішінде есеп саясатының маңызды аспектілері туралы ақпарат жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған жеке қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2017 жылғы 31 желтоқсанға Қордың жеке қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының жеке қозғалысы мен жеке қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - «ХҚЕС») сәйкес дұрыс көрсетеді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі - «ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің қорытындымыздың «Аудитордың жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (бұдан әрі - «БХЭСК Кодексі») сәйкес Қорға қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер жеке қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы жеке қаржылық есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз қорытындымыздың «Аудитордың жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге жеке қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған жеке қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің шешуші мәселесі

Аудитіміз аудиттің шешуші мәселелесін қалайша ескерді

Қаржы активтерін бағалау

Есепті күнге Қордың қаржы активтерінің едәуір қалдықтары бар, олар негізінен берілген қарыздар мен басқа да дебиторлық берешектен тұрады. Қарыздардың көпшілігі нарықтық емес талаптарда берілді. Басқа да дебиторлық берешектің бір бөлігін өтеу талаптары нарықтық болып табылмайды. Сонымен бірге, кейбір қарыздар мен басқа да дебиторлық берешек бойынша талаптар 2017 жылы өзгертілді. Мұндай қарыздар мен басқа да дебиторлық берешектің әділ құны бастапқы мойындау және талаптардың елеулі өзгеруі кезінде жорамалдар мен бағалауды пайдалана отырып айқындалды. Елеулі пайымдаулар дисконттау мөлшерлемесін айқындауда және дисконттау кезеңінің кейбір жағдайларында қолданды.

Сонымен бірге, бұл активтердің өтелімділігін бағалау күрделі, бағаланып алынған болып табылады және белгілі бір жорамалдарға, атап айтқанда, контрагенттердің шарттық ақша ағындарын төлей алу қабілетінің болжамына негізделген.

Аталғанға орай, бұл мәселе біздің аудитіміздің барынша маңызды мәселелерінің бірі болды.

Қаржы құралдарын бағалау туралы ақпарат жеке қаржылық есептіліктің 8, 9, 11 және 12-ескертпелерінде ашылып көрсетіледі.

Біз берілген қарыздар мен басқа да дебиторлық берешектің әділ құнын айқындау кезінде пайдаланылған бағалау әдістемесін бағаладық. Біз әділ құнды бағалау үшін пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесін сыртқы дерек көздерімен салыстырдық, сондай-ақ болжамды өтеу кезеңін Қордың ақша ағындарын алуы бойынша бағалауымен салыстырдық.

Сондай-ақ біз Қордың қарыздар мен басқа да дебиторлық берешектің өтелетін сомасын айқындауға қатысты тәсілін бағаладық, кейінгі ақша түсімдерін талдадық және тарихи деректерді ескере отырып мерзімі өткен дебиторлық берешекті және оның пайда болу мерзімдері бойынша талдадық. Сондай-ақ біз басшылықпен бұл қаржы активтерінің қайтарылуына қатысты олардың үміттері мен жоспарларын талқыладық.

Біз төлем қабілеттілігі және контрагенттер бизнесінің таза құны туралы қолдағы ақпаратты талдадық, сондай-ақ басқа да дебиторлық берешектің өтелімділігін бағаладық.

Біз жеке қаржылық есептілікте ашылып көрсетілген ақпаратты бағаладық.

Кредит келісімдерінің шеңберіндегі шарттық талаптарды сақтау

Қарыз шартының шеңберіндегі талаптарға сәйкес Қор қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерді сақтауы және қолдауы тиіс.

Шарттық талаптардың сақталуы көпшілік жағдайда басшылықтың пайымдауларына және оның бағалауына негізделгендіктен және көрсеткіштерді бұзу қарыздың ұсынылуы бойынша төлеуге жататын болуы мүмкін екендігіне әкеп соқтыратындықтан, біз шарттық талаптардың сақталуы аудиттің шешуші мәселелерінің бір деп есептейміз.

Көрсеткіштер бойынша талаптарды сақтау туралы ақпарат жеке қаржылық есептіліктің *15-ескертпесінде* ашылып көрсетілген.

Біз қарыз шарты талаптарының сақталуын зерделедік.

Біз есептеулерде қолданылатын деректерді қаржылық есептілікпен салыстырдық. Біз қаржылық көрсеткіштер бойынша есептеулердің математикалық дәлдігін бағаладық. Сонымен қатар, біз есептен шығарулар мен сатып алуларға қатысты шектеулер, активтерге бақылауды сақтап қалу және дәрменсіздік немесе банкроттық туралы істер бойынша сот өндірістерінің жоқтығы сияқты қаржылық емес көрсеткіштерді сараладық.

Біз 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық және қаржылық емес шарттық талаптардың сақталуына қатысты кредиторлардан алынған түсіндірмелерді талдадық.

Біз қаржылық есептілікте ашылып көрсетілген ақпаратты бағаладық.

Қордың 2017 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Қордың 2017 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ жеке қаржылық есептілік пен сол бойынша біздің аудиторлық қорытындымыз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Біз Қордың 2017 жылғы Жылдық есебін осы аудиторлық қорытынды шығарылғаннан кейін аламыз деп күтіліп отыр.

Жеке қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Жеке қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге қолжетімді болған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен жеке қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Басшылықтың және Аудит жөніндегі комитеттің жеке қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық жеке қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ жеке қаржылық есептілікті дайындауды қамтамасыз ету үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Қорды таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Қордың жеке қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз жеке қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы жеке қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сондай-ақ біз:

- ▶ Адал емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан болған жеке қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз, сондай-ақ өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;

- ▶ Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ Қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ Басшылықтың қызметтің үздіксіздік қағидатын қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымды жасасақ, біз аудиторлық қорытындымызда жеке қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аударуға немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді өзгертуге міндеттіміз. Біздің тұжырымдар аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Келешек оқиғалар немесе талаптар Қор үздіксіздік қағидатының негізінде өз қызметін тоқтататындығына әкеп соқтыруы мүмкін.
- ▶ Жеке қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ жеке қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.

Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және барлық өзара қарым-қатынастар мен біздің тәуелсіздігімізге әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда – тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің қорытындымызда хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы қорытынды шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты партнер - Пол Кон.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС

Пол Кон
Аудит жөніндегі партнер

Адиль Сыздықов
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы
№ МФ-0000172 біліктілік куәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2018 жылғы 21 мамыр



Гульмира Турмагамбетова
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға арналған
мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ-2,
№ 0000003, Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігімен 2005 жылғы 15 шілдеде
берілген



ЖЕКЕ БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Миллион теңгемен	Ескерт.	2017 жыл	2016 жыл
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар		266	329
Материалдық емес активтер	5	16.675	13.960
Еншілес ұйымдарға инвестициялар	6	4.152.759	4.032.432
Бірлескен кәсіпорынға инвестициялар	7	1.494.941	1.494.941
Берілген қарыздар	8	383.417	372.788
Кредиттік мекемелердегі қаражат	9	439.120	601.198
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері	10	1.164	19.647
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	11	31.134	25.660
		6.519.476	6.560.955
Ағымдағы активтер			
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		4.969	7.274
Берілген қарыздар	8	215.626	227.721
Кредиттік мекемелердегі қаражат	9	178.425	194.751
Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері	10	—	5.784
Өзге де ағымдағы активтер	12	52.108	98.351
Ақша қаражаты мен оның баламалары	13	354.577	236.546
		805.705	770.427
Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер		18.455	18.455
Активтер жиыны		7.343.636	7.349.837
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	14	5.133.476	5.058.658
Сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау резерві		(1.498)	4.018
Бөлінбеген пайда		274.055	205.360
Капитал жиыны		5.406.033	5.268.036
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	15	577.375	1.001.356
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	16	776.141	912.180
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер	18	33.443	27.958
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	25	238	6
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	17	7.553	10.787
		1.394.750	1.952.287
Ағымдағы міндеттемелер			
Қарыздар	15	507.892	88.342
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	16	5.907	6.231
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер	18	7.461	6.098
Өзге де ағымдағы міндеттемелер		21.593	28.843
		542.853	129.514
Міндеттемелер жиыны		1.937.603	2.081.801
Капитал мен міндеттемелер жиыны		7.343.636	7.349.837

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор

Бас бухгалтер



5-46-бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	2017 жыл	2016 жыл
Пайыздық кірістер	19	220.137	73.219
Пайыздық шығыстар	20	(184.577)	(117.027)
Дивидендтерден түскен кіріс	21	138.970	79.031
Жалпы пайда		174.530	35.223
Жалпы және әкімшілік шығыстар	22	(34.103)	(33.370)
Қаржылық кірістер	23	66.192	117.839
Қаржылық шығыстар	24	(29.553)	(11.352)
Қаржы және өзге де ағымдағы активтердің құнсыздануынан болған шығын, нетто	9	(12.686)	(14.434)
«Қазкоммерцбанк» АҚ бағалы қағаздарының құнсыздануынан және сатылуынан болған шығын	10	(12.828)	—
Қаржы активтерінің шығуынан түскен пайда		—	43
Бағамдық айырмадан түскен кіріс, нетто		1.483	5.628
Өзге де операциялық кірістер, нетто		2.610	2.423
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		155.645	102.000
Табыс салығы бойынша шығыстар	25	(9.948)	(14.850)
Бір жылғы таза пайда		145.697	87.150
Табыс салығы шегерілген, бір жылғы өзге де жиынтық шығын			
Сату үшін қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау		(12.175)	(1.113)
Сату үшін қолда бар инвестициялар бойынша іске асырылған шығын	10	6.659	—
Табыс салығы шегерілген, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктеуге жататын өзге де жиынтық шығын		(5.516)	(1.113)
Табыс салығы шегерілген, бір жылғы жиынтық кірістің жалпы сомасы		140.181	86.037

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор



Бейбіт Қарымсақов

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	2017 жыл	2016 жыл*
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Дивидендтер бойынша түсімдер	21	138.969	109.224
Қарыздар бойынша түсімдер	15	47.020	44.162
Кредиттік мекемелердегі қаражатты қайтару/(орналастыру), нетто		254.702	(5.069)
Берілген қарыздарды қайтару		97.168	48.791
Шығарылған облигациялар бойынша түсімдер		25.000	102.500
Қаржы активтерін қайтару		5.985	996
Өзге де түсімдер		2.059	1.603
Шығарылған облигациялар өтеу	16	(239.771)	–
Алынған қарыздарды қайтару	15	(74.995)	–
Еншілес компанияларға қарыздар беру		(29.779)	(107.113)
Еншілес ұйымдар шығарған облигацияларды сатып алу	8	(25.000)	–
Бөгде ұйымдар мен байланысты тараптар шығарған облигацияларды сатып алу	8	(21.100)	–
Өнім берушілерге төлемдер		(10.370)	(10.665)
Жалақы бойынша төлемдер		(4.199)	(3.381)
Демеушілік көмек беру	22	(15.000)	(15.000)
Төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы	25	(9.716)	(11.510)
Өзге де салықтар мен төлемдер		(4.442)	(3.982)
Алынған пайыздар		77.886	91.587
Төленген пайыздар		(74.255)	(73.786)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі		140.162	168.357
Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары			
Банк депозиттерін алу, нетто		23.203	55.135
Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындардың жарғылық капиталына салынған жарналар	6	(107.899)	(367.234)
Еншілес ұйымға салынған инвестицияларды өткізуден түскен түсімдер	12	51.211	–
Негізгі құралдарды сатып алу		(76)	(201)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(7.378)	(7.578)
Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалыуы		(40.939)	(319.878)
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары			
Жарғылық капиталға салынған жарналар	14	74.552	137.923
Акционерге бөлу		(44.094)	(39.525)
Акционерге төленген дивидендтер	14	(11.899)	(10.393)
Қарыздар бойынша түсімдер		–	159.726
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі		18.559	247.731
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза ұлғаюы		117.782	96.210
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		249	(239)
Кезең басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		236.546	140.575
Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		354.577	236.546

* 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп 2016 жыл үшін қаржылық есептілікте ұсынылған есепке сәйкес келмейді, өйткені Қор 3-ескертеде көрсетілгендей ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есепті ұсыну әдісін өзгертті.

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор

Бейбіт Қарымсақов

Алмаз Әдірахманова

Бас бухгалтер

5-46-бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Миллион теңгемен	Ескерт.	Жарғылық капитал	Сату үшін қолда бар инвестициялар арды қайта бағалау резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2015 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо		4.916.269	5.131	164.673	5.086.073
Бір жылғы таза пайда		–	–	87.150	87.150
Өзге де жиынтық шығын		–	(1.113)	–	(1.113)
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		–	(1.113)	87.150	86.037
Акциялар шығару	14	142.389	–	–	142.389
Үкіметтің қарыздары бойынша дисконт		–	–	4.007	4.007
Акционермен жасалатын өзге де операциялар		–	–	(552)	(552)
Дивидендтер	14	–	–	(10.393)	(10.393)
Акционерге өзге де бөлу	14	–	–	(39.525)	(39.525)
2016 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо		5.058.658	4.018	205.360	5.268.036
Бір жылғы таза пайда		–	–	145.697	145.697
Өзге де жиынтық шығын		–	(5.516)	–	(5.516)
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		–	(5.516)	145.697	140.181
Акциялар шығару	14	74.818	–	–	74.818
Акционермен жасалатын өзге де операциялар	16	–	–	(10.684)	(10.684)
Дивидендтер	14	–	–	(11.899)	(11.899)
Акционерге өзге де бөлу	14	–	–	(54.419)	(54.419)
2017 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо		5.133.476	(1.498)	274.055	5.406.033

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор

Бейбіт Қарымсақов

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

5-46-бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қор») немесе «Самұрық-Қазына») Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы қаулысына сәйкес 2008 жылғы 3 қарашада құрылды. Қор «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қазына») мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық») біріктіру және мемлекеттің Қорға Қазақстан Республикасының Үкіметіне (бұдан әрі – «Мемлекет» немесе «Үкімет») тиесілі кейбір кәсіпорындардағы өз меншік құқығын косымша беру арқылы құрылды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Үкімет Қордың құрылтайшысы болып табылады. Үкімет Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі – «Акционер») болып табылады.

Үкіметтің «Қазына» мен «Самұрықты» біріктіруінің негізгі мақсаты Үкіметтің тиісті бағдарламаларында және компаниялардың даму жоспарларында белгіленген олардың стратегиялық міндеттерін табысты орындау мақсатында олардың менеджменті тиімділігін арттыру және ұйымдық құрылымдарын оңтайландыру болып табылады.

2012 жылғы 1 ақпанда «*Ұлттық әл-ауқат қоры туралы*» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы Заңы қабылданды, оған сәйкес Қордың қызметі Қордың тобына кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту және Қордың тобына кіретін активтерді тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыруға бағытталуға тиіс.

Қор 6 және 7-ескертпеде тізбеленген бірқатар кәсіпорындардағы инвестицияларды иеленетін холдинг болып табылады.

Қордың әкімшілік мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 8.

Осы жеке қаржылық есептілікті Қордың Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры мен Бас бухгалтері 2018 жылғы 17 мамырда шығаруға бекітті.

Осы жеке қаржылық есептілік Қордың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне косымша ретінде шығарылды. Қордың Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры мен Бас бухгалтері 2018 жылғы 17 мамырда Шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығаруды бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Осы жеке қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы жеке қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетілгендерді қоспағанда, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалған. Қор бухгалтерлік есептілікті қазақстандық тенгемен (бұдан әрі – «тенге») жүргізеді. Арнайы шарттасқан жағдайларды қоспағанда, осы жеке қаржылық есептіліктегі барлық мәндер миллион тенгеге дейін дөнгелектенген.

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Қордың осы жеке қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі «КЕХС» кеңесі) бекіткен редакцияда Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі «КЕХС») сәйкес дайындалды.

Жеке қаржылық есептілікті КЕХС-қа сәйкес дайындау маңызды белгілі бір бухгалтерлік бағалауларды пайдалануды талап етеді. Сондай-ақ қаржылық есептілікті дайындау басшылықтан Қордың есеп саясатын қолдану барысындағы жол берулер бойынша пікір білдіруді талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану жеке қаржылық есептілік үшін елеулі болып табылатын салалар *4-ескертпеде* ашылған.

Шетел валютасын қайта есептеу

Функционалдық валюта және білдіру валютасы

Осы жеке қаржылық есептілік функционалдық валюта және Қордың жеке қаржылық есептілігін ұсыну валютасы болып табылатын тенгемен ұсынылды.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)***Операциялар және шоттар сальдосы*

Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда операцияның жасалу күніне қолданылатын бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданылатын функционалдық валютаның ресми нарықтық бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмалар жиынтық кіріс туралы жеке есепке қосылады. Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құн негізінде шетел валютасында бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күнгі бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Валюталарды айырбастау бағамдары

«Қазақстан қор биржасы» АҚ-да (бұдан әрі – «ҚҚБ») белгіленген валюта айырбастаудың орташа салмақталған бағамдары Қазақстан Республикасында валютаны айырбастаудың ресми бағамдары ретінде пайдаланылады.

ҚҚБ-ның 2017 жылғы 31 желтоқсандағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 332,33 теңгені құрады. Осы бағам 2017 жылғы 31 желтоқсанға АҚШ долларында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 1 АҚШ доллары үшін 333,29 теңге). ҚҚБ-ның 2018 жылғы 17 мамырдағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 327,11 теңгені құрады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ**Есеп саясатындағы өзгерістер және ақпаратты ашып көрсету қағидаттары**

Қор ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есепті ұсыну әдісін 2017 жылғы 1 қаңтардан 2017 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде жанама әдістен тікелей әдіске өзгертті, өйткені Қор тікелей әдіс қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін барынша орынды болып табылатын ақпаратты ұсынуға мүмкіндік береді. Қор ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есепті ұсыну әдісін ретроспективті негізде қолданды.

Қаржылық жағдай туралы жеке есеп пен ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп қаржылық есептілікті пайдаланушыларға Қордың қаржылық жағдайы мен ақша қаражатының қозғалысы туралы қосымша өзекті ақпаратты ұсыну үшін белгілі бір баптардың сипатына қарай олардың барынша толық жіктелуін ұсыну мақсатында қайта қаралды.

2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылғы қаржылық жағдай туралы жеке есептің салыстырмалы ақпаратқа әсері.

<i>Миллион теңгемен</i>	Көрсетілгендей	Қайта топтасулар	Көрсетілгендей
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	10.793	(6)	10.787
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	–	6	6

2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылғы ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есептің салыстырмалы ақпаратқа әсері.

<i>Миллион теңгемен</i>	Көрсетілгендей	Қайта топтасулар	Көрсетілгендей
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі	168.118	239	168.357
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері	–	(239)	(239)

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Қор 2017 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін стандарттарға бірқатар түзетулерді алғаш рет қолданды. Жаңа стандарттар мен түзетулердің алғаш рет 2017 жылы қолданылғанына қарамастан, олар Қордың жылдық жеке қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбеді. Әрбір жаңа түзетудің сипаттамасы мен әсері төменде сипатталған:

7 «Ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастама» ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер

7 «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер ҚЕХС жөніндегі кеңестің ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастамаларының бір бөлігі болып табылады және ақша ағындарымен негізделген өзгерістерді, сол сияқты олармен негізделмеген өзгерістерді қоса алғанда, ұйымның қаржылық есептіліктің пайдаланушыларына қаржы қызметімен негізделген міндеттемелердегі өзгерістерді бағалауға мүмкіндік беретін ақпаратты ашып көрсетуін талап етеді. Мұндай түзетулерді алғаш рет қолданған кезде ұйымдар алдыңғы кезеңдер үшін салыстырмалы ақпаратты ұсынуға міндетті емес. Осы түзетулерді Қор қосымша ақпаратта ашып көрсетті (27-ескертіле).

12 «Өткізілмеген шығындарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтерін тану» ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер

Түзетулер ұйым мұндай есептен шығарылатын уақыт айырмасын қалпына келтіру кезінде соған қарсы есептен шығаруды жасай алатын салық салынатын пайда көздерін салық заңнамасының шектейтіндігін ескеруі тиіс екендігін түсіндіреді. Бұдан басқа, түзетулер ұйымның болашақта салық салынатын пайданы қалай айқындауға тиіс екендігіне қатысты нұсқауларды қамтиды және салық салынатын пайда олардың баланстық құнынан асатын сомада кейбір активтердің өтелуін көздей алатын мән-жайды сипаттайды.

Ұйымдар мұндай түзетулерді ретроспективті түрде қолдануы тиіс. Дегенмен түзетулерді алғаш рет қолданған кезде меншікті капиталдың ең ерте салыстырмалы кезеңнің басында өзгеруі өзгерісті бөлінбеген пайда мен кезең басындағы меншікті капиталдың өзге құрамдастарының арасында бөлместен кезең басындағы бөлінбеген пайданың құрамында (немесе тиісінше, меншікті капиталдың басқа құрамдасының құрамында) тануы мүмкін. Мұндай босатуды қолданатын ұйымдар бұл фактіні ашып көрсетуі тиіс.

ҚЕХС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, 2014-2016 жылдар кезеңі

12 «Басқа да компанияларға қатысу үлестері туралы ақпаратты ашып көрсету» ҚЕХС-ке (IFRS) түзетулер: 12 ҚЕХС-тегі (IFRS) ақпаратты ашып көрсетуге қойылатын талаптарды қолдану саласын түсіндіру

Түзетулер В10-В16-тармақтарда сипатталғандарды қоспағанда, 12 ҚЕХС-те (IFRS) ақпаратты ашып көрсетуге қатысты талаптар, ұйымның еншілес ұйымға, бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан ұйымға қатысу үлесіне (немесе бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан ұйымдағы үлестің бір бөлігіне) қатысты қолданылатындығын түсіндіреді, ол сатуға арналған ретінде жіктеледі (немесе шығатын топтың құрамына қосылады). Осы түзетулер Қордың қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар

Төменде Қордың қаржылық есептілігін шығару күні шығарылған, бірақ күшіне енген стандарттар мен түсіндірмелер келтіріледі. Қор осы стандарттарды, қолданылуына қарай, олардың күшіне енген күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

9 «Қаржы құралдары» ҚЕХС

2018 жылдан бастап Қор 9 «Қаржы құралдары» ҚЕХС қолданады, ол 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» БЕХС-ті алмастырады. 9 ҚЕХС (IFRS) қаржы құралдарын есепке алу жобасының барлық үш бөлігін: жіктеу мен бағалауды, құнсыздандуды және хеджирлеуді есепке алуды біріктіреді.

Хеджирлеуді есепке алуы қоспағанда, ретроспективті түрде қолданылу талап етіледі, бірақ салыстырмалы ақпаратты ұсыну міндетті болып табылмайды. Хеджирлеуді есепке алуға қатысты талап, ең алдымен, бірқатар шектелген жол берумен перспективті түрде қолданылады.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)***9 «Қаржы құралдары» ҚЕХС (жалғасы)*

Қор талап етілген күшіне енгізу күнінен бастап жаңа стандартты қолдануды бастауды жоспарлап отыр және салыстырмалы ақпаратты қайта есептемейді. Есепті күнгі жағдай бойынша Қор 9 ҚЕХС-тің барлық үш аспектісінің әсерін толық бағалауды аяқтамады. Бұл бағалау амалы одан әрі негізделген әрі расталатын ақпараттың нәтижесінде өзгертілуі мүмкін, ол 9 ҚЕХС толығымен қабылданғанда, Қор үшін 2018 жылы қолжетімді болады.

(а) Жіктеу және бағалау

9 ҚЕХС (IFRS) қаржы активтерін жіктеуге және бағалауға жаңа тәсілді қамтиды, әрі ол қаржы активтерін басқарудың бизнес-моделін, сондай-ақ ақша қаражаты ағындарының сипаттамаларын көрсетеді. 9 ҚЕХС (IFRS) қаржы активтерін жіктеу тәртібін үш негізгі санат бойынша белгілейді: амортизацияланған құны бойынша бағаланатын, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын («ӨЖКӨҚ») және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын («ПШӨҚ»). Бұл стандарт 39 ҚЕХС-те (IAS) қолданылатын өтеуге дейін ұсталатын қаржы активтерінің, қарыздар мен дебиторлық берешектің, сату үшін қолда бар қаржы активтерінің санаттарын алып тастайды.

Өз бағалауының нәтижелеріне сүйене отырып, Қор 9 ҚЕХС-тің (IFRS) жіктелуі мен бағалауына қойылатын талаптарды қолданған кезде өзінің қаржылық жағдай туралы есебіне немесе меншікті капиталға айтарлықтай әсер етеді деп күтпейді.

(б) Құнсыздану – қаржы активтері мен шарттық активтер

9 ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес құнсыздану бойынша жаңа модель бұл 39 ҚЕХС-те (IAS) көзделгендей болған кредит шығындары ғана емес, күтілетін кредит шығындарының («ККШ») негізінде құнсыздану резервтерін тануды талап етеді. Бұл экономикалық факторлардың күтілетін кредит шығындарына әсер етуіне қатысты пайымдаулардың едәуір көлемін қажет етеді, олар ықтималдылықты ескере отырып таразыланған бағалаудың негізінде айқындалады.

Егер құнсыздану моделі амортизацияланған құны бойынша ескерілетін санатқа жіктелген қаржы активтеріне ӨЖКӨҚ бойынша ескерілетін борыштық құралдарға, 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» ҚЕХС (IFRS) қолданылу салдарынан туындайтын шарттық активтерге, жалдау бойынша дебиторлық берешекке, кредит міндеттемелеріне және белгілі бір қаржылық кепілдік шарттарына таралады.

9 ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес шығындар бойынша резервтер мына мөлшерде бағаланады:

- 12 айлық ККШ: есепті күннен кейін 12 ай ішінде ықтимал қаржы құралы бойынша дефолт оқиғаларының салдары күтілетін кредит шығындары; немесе
- бүкіл мерзімдегі ККШ: барлық қолданылу мерзімі бойынша қаржы құралы бойынша дефолттың барлық ықтимал оқиғаларының нәтижесінде күтілетін кредит шығындары.

Қор 9 ҚЕХС-ке сәйкес күтілетін кредит шығындарын есепке алуға қатысты жеңілдетілген тәсілді қолдану шешімін қабылдады, әрі ол сауда және өзге де дебиторлық берешек бойынша бүкіл мерзім үшін күтілетін шығындар бойынша резервті пайдалануға мүмкіндік береді. Күтілетін кредит шығындарын бағалау үшін сауда және өзге де дебиторлық берешек кредит тәуекелі сипаттамаларының және мерзімі өткен күндердің негізінде топтастырылған.

Ұзақ мерзімді банк депозиттеріне, байланысты тарап қарыздарға және амортизацияланған құны бойынша ескерілетін басқа да қаржы активтеріне қатысты, Қор мұндай қаржы активтеріне қатысты жалпы тәсілді қолданады.

Қор қазіргі сәтке 9 ҚЕХС-тің қолданылуына қатысты Қордың барлық кәсіпорындары үшін бірінғай тәсілді әзірлеуде және есепті күнге 9 ҚЕХС-тің қабылдану ықпалын бағалау үшін барлық қолжетімді ақпаратты саралауды жалғастырады.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)

9 «Қаржы құралдары» ҚЕХС (жалғасы)

(в) Хеджирлеуді есепке алу

Қорда қазіргі уақытта хеджирлеу бойынша қолданыстағы операциялар ретінде белгіленген хеджирлеу бойынша операциялары болған жоқ және сондықтан 9 ҚЕХС-ті (IFRS) хеджирлеу бойынша талаптардың қолданылуы Қордың қаржылық есептілігіне әсерін тигізбейді.

15 «Клиенттермен жасалған шарттар бойынша түсім» ҚЕХС

15 ҚЕХС (IFRS) 2014 жылғы мамырда шығарылды, ал оған түзетулер 2016 жылғы сәуірде енгізілді. Стандарт сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімдерге қатысты қолданылатын бес кезенді қамтитын модельді көздейді. 15 ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес түсім ұйым сатып алушыға тауарларды бергені немесе қызметтерді көрсеткені үшін айырбас ретінде алуды болжайтын құқыққа өтемді көрсететін сома ретінде танылады.

Қор 15 ҚЕХС-ке жасаған талдауға сүйене отырып, келісімшарттар бойынша түсімді тану әдісі жаңа стандартты қолдануға байланысты өзгермейді.

10 ҚЕХС-ке (IFRS) және 28 ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер: Инвестор мен оның қауымдасқан компаниясы немесе бірлескен кәсіпорны арасында активтерді сату немесе беру

Түзетулер қауымдасқан компанияға немесе бірлескен кәсіпорынға берілетін еншілес компанияға бақылаудан айырылуға қатысты 10 ҚЕХС (IFRS) және 28 ҚЕХС (IAS) арасындағы сәйкессіздікті шешеді. Түзетулер инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасында жасалған мәміледе 3 ҚЕХС-тегі анықтамаға сәйкес өз бизнесін білдіретін активті сатудың немесе салудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын толық көлемде танылатынын түсіндіреді. Дегенмен бизнесті білдірмейтін активтерді сатудың немесе салудың нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын қауымдасқан ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы инвесторлар ұйымынан өзгелерде бар қатысу үлестері шегінде ғана танылады. ҚЕХС жөніндегі кеңес осы түзетулердің күшіне енгізілетін күнін белгісіз мерзімге кейінге қалдырды, бірақ түзетулерді мерзімінен бұрын қабылдайтын компания оларды перспективті негізде қолдануы тиіс. Қор бұл стандарттары олар күшіне енгеннен кейін қолданады.

2 «Акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу және бағалау» ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер

ҚЕХС жөніндегі кеңес 2 «Акциялардың негізіндегі төлемдер» ҚЕХС-ке түзетулерді шығарды, әрі оларда үш негізгі аспект қарастырылады: ақша қаражатының есептеулерімен акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды бағалау құқықтарының өту талаптарының ықпалы; төлем көзінен ұсталатын салық бойынша міндеттемелер үшін нетто-негіздегі есеп айырысулар талабымен акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу; акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операциялар талаптарының өзгерістерін есепке алу, оның нәтижесінде операция ақша қаражатының есеп айырысуларымен болған операция ретінде жіктелуі тоқтатылады және үлестік құралдардың есеп айырысуларымен болған операция ретінде жіктелуді бастайды.

Компаниялар қабылданғаннан кейін түзетулерді алдыңғы кезеңдерді қайта есептеместен қолдануға міндетті, бірақ, егер ол барлық үш түзету бойынша таңдалған болса және егер басқа өлшемшарттар сақталса, ретроспективті қолдануға рұқсат етілген. Түзетулер 2016 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты қолданылады, бұл ретте мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Қордың акциялардың негізінде төлемдер бойынша операциялардың жоқтығына орай бұл түзетулер Қордың жеке қаржылық есептілігіне әсер етпейді.

16 «Жалдау» ҚЕХС (IFRS)

16 ҚЕХС (IFRS) 2016 жылғы қаңтарда шығарылды және 17 БЕХС-ті (IAS) «Жалдау» ауыстырады, 4 «Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау» ХКЕТК түсіндірмесі, 15 ПКР «Операциялық жалдау – стимулдар» түсіндірмесі және 27 «Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау» ПКР түсіндірмесі. 16 ҚЕХС (IFRS) жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың қаржылық жалдау үшін 17 БЕХС-те (IAS) көзделген есепке алу тәртібі сияқты баланста есепке алудың бірінші моделін пайдалана отырып барлық жалдау шарттарын көрсетуін талап етеді. Стандарт жалға алушылар үшін мойындаудан екі рет босатуды көздейді – төмен құны бар активтерді жалдауға (мысалға, жеке компьютерлер) және қысқа мерзімді жалдауға (яғни, 12 айдан артық емес мерзімі бар жалдау) қатысты.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІН ШОЛУ (жалғасы)****Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)***16 «Жалдау» ҚЕХС (IFRS) (жалғасы)*

Жалдаудың басталу күніне жалға алушы жалдау төлемдеріне қатысты міндеттемені (яғни жалдау міндеттемесі), сондай-ақ жалдау мерзімінің ішінде базалық активті пайдалану құқығын беретін активті (яғни пайдалану құқығы нысанындағы актив) мойындайтын болады.

Жалға алушылар жалдау міндеттемесі бойынша пайыздық шығысты пайдалану құқығы нысанындағы активтің амортизациясы бойынша шығыстардан бөлек мойындауға міндетті болады. Сондай-ақ жалға алушылар белгілі бір оқиға орын алған кезде жалдау міндеттемесін қайта бағалауы тиіс (мысалға, жалдау мерзімдерінің өзгеруі, мұндай төлемдерді айқындау кезінде пайдаланылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде келешек жалдау төлемдерінің өзгеруі). Көптеген жағдайларда жалға алушы пайдалану құқығы нысанындағы активті түзету ретінде жалдау міндеттемесін қайта бағалау сомасын ескереді.

16 ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі қазіргі уақытта қолданылатын 17 ҚЕХС (IAS) талаптарымен салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер 17 БЕХС (IAS) сияқты дәл сондай жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып жалдауды жіктеуді жалғастыратын болады, бұл ретте екі жалдау түрін бөліп көрсетеді: операциялық және қаржылық.

Сонымен қатар, 16 ҚЕХС (IFRS) жалға берушілер мен жалға алушылардан 17 БЕХС-пен (IAS) салыстырғанда ақпараттың үлкен көлемін ашып көрсетуді талап етеді.

16 ҚЕХС (IFRS) 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын, бірақ ұйымның 15 ҚЕХС-ті (IFRS) қолдану күнінен ерте емес мерзімде қолдануға жол беріледі. Жалға алушы бұл стандартты ретроспективті тәсілді не болмаса түрлендірілген ретроспективті тәсілді қолдана отырып пайдалануға құқылы. Стандарттың өтпелі ережелері белгілі бір босатуларды көздейді. 2018 жылы Қор 16 ҚЕХС-тің (IFRS) өзінің жеке қаржылық есептілігіне ықтимал ықпалын бағалауды жалғастырады.

17 «Сақтандыру шарттары» ҚЕХС (IFRS)

2017 жылғы мамырда ҚЕХС жөніндегі Кеңес ақпаратты ашып көрсету мен бағалау, ұсыну және ашып көрсету мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жана ауқымды стандарты 17 «Сақтандыру шарттары» ҚЕХС (IFRS) шығарды. 17 ҚЕХС (IFRS) күшіне енгенде, ол 2005 жылы шығарылған 4 «Сақтандыру шарттарын» ҚЕХС (IFRS) ауыстырады. 17 ҚЕХС (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан сақтандыру шарттардың барлық түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан ерекшеленетін сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу талаптарымен белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады. Қолданылу аясынан бірнеше ерекшелік бар.

17 ҚЕХС (IFRS) негізгі мақсаты сақтандыру шарттарын есепке алу моделін ұсыну болып табылады, әрі ол сақтандырушылар үшін барынша тиімді әрі бірізді болып табылады. Алдыңғы жергілікті есепке алу саясаттарына негізделетін 4 ҚЕХС (IFRS) талаптарымен салыстырғанда, 17 ҚЕХС (IFRS) сақтандыру шарттарын есепке алудың жан-жақты моделін ұсынып, есепке алудың барлық ақылға қонымды аспектілерін қамтиды.

17 ҚЕХС-тің (IFRS) негізінде келесімен толықтырылған ортақ модель жатыр:

- Инвестициялық кіріске тікелей қатысатын сақтандыру шарттары үшін белгілі бір түрлендірулер (ауыспалы сыйақы әдісі).
- Жеңілдетілген тәсіл (сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсіл) негізінен қысқа мерзімді шарттарға арналған.

17 ҚЕХС (IFRS) 2021 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте салыстырмалы ақпаратты ұсыну қажет. Ұйым 17 ҚЕХС-тің (IFRS) алғаш рет қолданылу күніне немесе соған дейін 9 ҚЕХС (IFRS) пен 15 ҚЕХС (IFRS) қолданады деген талаппен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл стандарт Қорға қатысты қолданылмайды.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)***40 «Инвестициялық жылжымайтын мүлікті санаттан санатқа ауыстыру» ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер*

Түзетулер, ұйым, құрылыс немесе даму процесіндегі жылжымайтын мүлікті қоса алғанда, жылжымайтын мүлік объектілерін инвестициялық жылжымайтын мүлік санатынан басқа санатқа қашан аударуы тиіс екендігін түсіндіреді. Түзетулерде, пайдалану сипатының өзгеруі жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлік анықтамасына сәйкес келе бастағанда немесе сәйкес келмегенде және оны пайдалану сипатының өзгеруі куәліктері болатындығы көрсетілген. Басшылықтың жылжымайтын мүлік объектісін пайдалануға қатысты ниеттерінің өзгеруі оны пайдалану сипатының өзгеруін куәландырмайды. Ұйымдар бұл түзетулерді ұйым түзетулерді алғаш рет немесе осы күннен кейін қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне орын алатын пайдалану сипатының өзгеруіне қатысты перспективті түрде қолдануы тиіс. Ұйым осы күнге қолданылатын талаптарды көрсету үшін жылжымайтын мүлікті аударуы тиіс. Тек егер бұл барынша кеш түскен ақпаратты қолданбастан мүмкін болса ғана, 8 ҚЕХС-ке (IAS) сәйкес ретроспективті қолдануға жол беріледі. Түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл фактінің ашылып көрсетілуі талабымен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Қор бұл түзетулерді, олр күшіне енгеннен кейін қолданады. Дегенмен Қордың ағымдағы қызметі түзетулердің талаптарына сәйкес келгендіктен, Қор ол оның жеке қаржылық есептілігіне әсер етеді деп күтпейді.

ҚЕХС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, 2014–2016 жылдар кезеңі (2016 жылғы желтоқсанда шығарылды)

Бұл жетілдірулерге келесі түзетулер кіреді:

1 «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» ҚЕХС (IFRS) – ҚЕХС-ті алғаш рет қолданатын компаниялар үшін қысқа мерзімді босатуларды жою

1 ҚЕХС (IFRS) Е3-Е7 тармақтарында көзделген қысқа мерзімді босатулар жойылды, өйткені олар өз функциясын атқарды. Бұл түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Бұл түзетулер Қорға қолданылмайды.

22 «Шетел валютасындағы операциялар және алдын ала төлем» ХҚЕТК (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіруде алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активтің немесе монетарлық емес міндеттеменің мойындалуы тоқтаған кезде тиісті активтің, шығыстың немесе кірістің (немесе оның бір бөлігінің) бастапқы мойындалуы кезінде пайдаланылуы тиіс айырбас бағамын айқындау мақсатындағы операцияның жасалу күні ұйым алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну нәтижесінде туындайтын монетарлық емес активті немесе монетарлық емес міндеттемені алғаш рет мойындаған күні болып табылады. Алдын ала төлемнің жасалу немесе алыну операциялары жасалған жағдайда ұйым әрбір төлем немесе алдын ала төлемді алу үшін операция күнін айқындауы тиіс. Ұйымдар бұл түсіндіруді ретроспективті түрде қолдана алады. Балама ретінде ұйым түсіндіруді көрсетілген күнге немесе содан кейін бастапқыда мойындалған түсіндіруді қолдану аясының шеңберінде барлық активтерге, шығыстар мен кірістерге қатысты перспективті түрде қолданыла алады:

- (i) ұйым бұл түсіндіруді алғаш рет қолданатын есепті кезеңнің басталуы; немесе
- (ii) ұйым алғаш рет бұл түсіндіруді қолданатын есепті кезеңнің қаржылық есептілігінде салыстырмалы ақпарат ретінде көрсетілген алдыңғы есепті кезеңнің басы.

Түсіндіру 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл фактінің ашылып көрсетілуі талабымен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Дегенмен Қордың ағымдағы қызметі түзетулердің талаптарына сәйкес келгендіктен, Қор ол оның жеке қаржылық есептілігіне әсер етеді деп күтпейді.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)

ҚЕХС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, 2014-2016 жылдар кезеңі (2016 жылғы желтоқсанда шығарылды) (жалғасы)

23 «Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты белгісіздік» ХКЕТК (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіру салықтық баяндауларға қатысты белгісіздік болғанда пайдаға салынатын салықты есепке алу тәртібін қарастырады, бұл 12 ҚЕХС-тің (IAS) қолданылуына әсер етеді. Түсіндіру 12 ҚЕХС-тің (IAS) қолданылу аясына жатпайтын салықтар мен алымдарға қолданылмайды, сондай-ақ айқындалмаған салықтық баяндаулармен байланысты пайыздар мен айыппұлдарға қатысты ерекше талаптарды қамтымайды. Атап айтқанда, түсіндіру мына мәселелерді қарастырмайды:

- ұйым айқындалмаған салықтық баяндауларды бөлек қарастырмай;
- ұйым салық органдарының салықтық баяндауларды тексеруге қатысты жасайтын жорамалдар;
- ұйым салық салынатын пайданы (салық залалын), салық базасын,
- пайдаланылмаған салық залалдарын, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен салық мөлшерлемелерін қалайша айқындайды;
- ұйым фактілер мен жағдайлардың өзгеруін қалайша қарастырады.

Ұйым әрбір айқындалмаған салықтық баяндауды бөлек немесе бір немесе бірнеше басқа айқындалмаған салықтық баяндаулармен бірге қарастыру қажеттілігін шешуі тиіс. Белгісіздікті анықтау нәтижесін барынша дәл болжауға мүмкіндік беретін тәсілді пайдалану қажет. Түсіндіру 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Ауысу кезінде белгілі бір босатуларға жол беріледі. Қор түсіндірудің күшіне ену күнінен бастап қолданады.

28 «Қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» ҚЕХС (IAS) – жылжымайтын мүлік объектілерін әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы бағалау шешімі әрбір инвестиция үшін бөлек қабылдануы тиіс екендігін түсіндіру

Түзетулер мыналарды түсіндіреді:

- Венчурлық инвестицияларда маманданатын ұйым немесе басқа да ұқсас ұйым қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы бағалау шешімін қабылдай алады. Мұндай шешім бастапқы мойындау кезінде әрбір инвестиция үшін бөлек қабылданады.
- Егер ұйымның өзі инвестициялық ұйым болып табылмаса, инвестициялық ұйым болып табылатын қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға қатысу үлесі болса, онда үлестік қатысу әдісін қолданған кезде мұндай ұйым инвестициялық ұйым болып табылатын қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын өздерінің еншілес ұйымдарындағы қатысу үлестеріне қолданған әділ құны бойынша бағалауды сақтап қалу шешімін қабылдай алады. Мұндай шешім инвестициялық ұйым болып табылатын әрбір қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын үшін келесі күндердің барынша кеш күніне бөлек қабылданады: (а) инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның бастапқы мойындалу күніне; (б) қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын инвестициялық ұйымға айналатын күнге; және (в) инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын алғаш рет бас ұйымға айналатын күнге.

Бұл түзетулер ретроспективті түрде қолданылады және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Егер ұйым бұл түзетулерді бұдан да ерте кезеңге қатысты қолданса, ол бұл фактіні ашып көрсетуі тиіс. Бұл түзетулер Қорға қатысты қолданылмайды.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

ҚЕХС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, 2014-2016 жылдар кезеңі (2016 жылғы желтоқсанда шығарылды) (жалғасы)

4 «Сақтандыру шарттары» ҚЕХС-пен бірге 4 «9 «Қаржы құралдары» ҚЕХС-ті (IFRS) қолдану» ҚЕХС-ке (IFRS) түзетулер

Бұл түзетулер қаржы құралдары бойынша жаңа стандарттың қолданылуына орай туындайтын проблемаларды шешеді, 9 ҚЕХС (IFRS), 17 ҚЕХС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» ендірілгенге дейін, олар 4 ҚЕХС-ті (IFRS) ауыстырады. Түзету сақтандыру шарттарын шығаратын ұйымдар үшін екі мүмкіндікті көздейді: 9 ҚЕХС-ті (IFRS) қолданудан уақытша босату және салу әдісі. Уақытша босатуды алғаш рет 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты қолданады. Ұйым 9 ҚЕХС-ті (IFRS) алғаш рет қолданғанда есептеу әдісін қолдану туралы шешімді қабылдай және бұл әдісті ұйымның қарауына қарай 9 ҚЕХС-ке (IFRS) көшу кезінде жіктелетін қаржы активтеріне қатысты ретроспективті түрде қолдана алады. Бұл ретте ұйым есептеу әдісін көрсету үшін салыстырмалы ақпаратты қайта есептейді, және тек егер ол салыстырмалы ақпаратты 9 ҚЕХС-ті (IFRS) қолдану кезінде ғана қайта есептеген жағдайда ғана. Бұл түзетулер Қорға қатысты қолданылмайды.

Еншілес компанияларға, бірлескен кәсіпорындарға және қауымдасқан компанияларға инвестициялар

Қордың өзінің еншілес ұйымдарына, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялары құнсыздандуды шегерумен бастапқы күн бойынша ескеріледі. Қауымдасқан компания – бұл Қор айтарлықтай ықпал ететін, бірақ еншілес компания да, бірлескен кәсіпорын да болып табылмайтын компания.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күні Қор активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоқтығын анықтайды. Егер осындай белгілер орын алса, немесе егер активтің құнсыздануына жыл сайын тексеру жүргізу талап етілсе, Қор активтің өтелетін құнына бағалау жүргізеді. Активтің өтелетін құны – бұл мына шамалардың ең үлкені: активтің әділ құны және активті пайдаланудан болатын құндылық. Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасаған жағдайда ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің баланстық (ағымдағы) құны оның өтелетін құнынан асып кетсе, актив құнсызданған болып саналады және өтелетін құнға дейін есептен шығарылады. Пайдаланудан болатын құндылықты бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары келтірілген құнға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша активке тән ақша мен тәуекелдердің уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейін дисконтталады.

Әрбір есепті күні қаржылық емес активтер үшін құнсызданудан болатын бұрын танылған шығындардың енді жоқтығының немесе азайғандығы белгісінің болуы бағаланады. Егер ондай белгі болса, Қор активтің өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болатын бұрын танылған шығындар, егер құнсызданудан болатын шығынды соңғы рет таныған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған жол берілімде өзгеріс орын алған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтірілген жағдайда активтің баланстық құны активтің өтелетін құнынан, сондай-ақ егер бұрынғы жылдары актив бойынша құнсызданудан болатын шығын танылмаған жағдайда ол бойынша осы актив танылған болса, баланстық құннан (амортизацияны шегергенде) аспайды. Мұндай қалпына келтіру жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

Сондай-ақ нақты активтерді бағалау кезінде мынадай өлшемшарттар қолданылады:

Еншілес компанияларға, бірлескен кәсіпорындарға және қауымдасқан компанияларға инвестициялар

Әрбір есепті күнге Қор еншілес компанияларға, бірлескен кәсіпорындарға және қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсыздануының объективтік айғақтарының болуын айқындайды. Егер құнсызданудың объективтік индикаторлары болса, Қор құнсыздануға тест жүргізеді және құнсыздану сомасын өтелетін құн мен инвестицияның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Қаржы активтері**

39 БЕХС қолданылу саласындағы қаржылық активтер тиісінше пайда немесе шығын; берілген қарыздар мен дебиторлық берешек; өтелгенге дейін ұсталатын қаржылық активтер; сатуға арналған қолда бар қаржылық активтер; туынды құралдар арқылы әділ құнмен қайта бағаланатын қаржылық активтер ретінде жіктеледі. Қор өзінің қаржылық активтерін олардың бастапқы танылуы кезінде жіктейді.

Қаржы активтері бастапқыда инвестициялар болған жағдайда ұлғайтылған, мәміле бойынша сонымен тікелей байланысты шығындарға пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланбайтын әділ құны бойынша мойындалады.

Заннамада немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелерде белгіленген мерзімде активті жеткізуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер («стандартты талаптардағы» сауда) мәмілені жасау күніне, яғни Қор өз мойнына активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күнге мойындалады.

Қордың қаржылық активтері ақша қаражаты мен оның баламаларын, банк депозиттерін, берілген қарыздарды, кредиттік мекемелердегі қаражатты, сатуға арналған қолда бар инвестицияларды және алынатын өзге де сомаларды қамтиды. Қаржы активін одан кейін бағалау былайша оларды жіктеуге байланысты болады:

Кредиттік мекемелердегі қаражат, берілген қарыздар және өзге де дебиторлық берешек

Кредиттік мекемелердегі қаражат, кейбір банктік депозиттер, берілген қарыздар мен дебиторлық берешек белсенді нарықта қолданылмайтын белгіленген немесе айқындалған төлемдері бар туынды емес қаржылық активтерді білдіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін осы сияқты қаржы активтері құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып айқындалған амортизациялық құны бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Амортизация тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану негізінде жиынтық кіріс туралы жеке есептегі пайыздық кірістердің құрамына енгізіледі. Құнсыздануға негізделген шығындар жиынтық кіріс туралы жеке есепте жеке жолда көрсетіледі.

Өтеуге дейін ұстап қалатын инвестициялар

Тіркелген немесе айқындалған төлемдері мен тіркелген өтеу мерзімі бар туынды емес қаржылық активтер Қор оларды өтеу мерзіміне дейін ұстауға аса ниетті әрі қабілетті болған жағдайда өтелуге дейін ұсталатын инвестициялар ретінде жіктеледі. Өтеуге дейін ұстап қалатын инвестицияларды бастапқы бағалаудан кейін құнсызданудан келген шығындарды алып тастағанда, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы белгіленетін амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану негізінде амортизация жиынтық кіріс туралы жеке есепте пайыздық кірістердің құрамына енгізіледі. Құнсыздануға негізделген шығындар жиынтық кіріс туралы жеке есепте жеке жолда көрсетіледі.

Сату үшін қолда бар қаржы инвестициялары

Сату үшін қолда бар қаржы инвестицияларына үлестік және борыштық бағалы қағаздар жатады. Сатуға арналған қолда бар инвестициялар ретінде жіктелген үлестік бағалы қағаздар, - сатуға арналғандар ретінде де, пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен қайта бағаланатындар ретінде де жіктелмеген инвестициялар. Осы санаттағы борыштық бағалы қағаздар – Қор белгіленбеген уақыт кезеңі ішінде ұстап тұруға ниетті және өтімділікті қамтамасыз ету мақсаттары үшін немесе нарықтық жағдайлардың өзгерісіне жауап ретінде сатылуы мүмкін бағалы қағаздар.

Бастапқы бағаланғаннан кейін сатуға арналған қолда бар қаржылық инвестициялар әділ құнмен бағаланады, ал ол бойынша сатылмаған кірістер немесе шығындар сатуға арналған қолда бар инвестицияларды қайта бағалау қорының құрамында өзге де жиынтық кіріс ретінде жинақталған кірістер немесе шығындар сатуға арналған қолда бар инвестицияларды қайта бағалау қорынан жеке есептегі құнсыздану шығынының құрамына қайта жіктелетін инвестицияларды тану тоқтатылған сәтке дейін танылады, немесе құнсыздану деп танылады, ал жинақталған шығын сатуға арналған қолда бар инвестицияларды қайта бағалау жөніндегі резервтен жиынтық кіріс туралы жеке есепте пайда немесе шығын құрамына қайта жіктеледі.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Әділ құнды айқындау

Есепті кезеңдегі белсенді нарықта саудалануы жүзеге асырылып отырған қаржы құралдарының әділ құны мәміле бойынша шығасылар шегерілмей нарықтық баға белгілеулер немесе дилерлердің баға белгілеулері негізінде (ұзақ позицияларды сатып алуға арналған баға белгілеу және қысқа позицияларды сату үшін баға белгілеу) анықталады.

Саудасы белсенді нарықта жүзеге асырылмайтын өзге қаржы құралдарының әділ құны бағалаудың қолданылатын әдістемелерін пайдалана отырып айқындалады. Бағалау әдістемесі таза келтірілген құн негізіндегі модельді, қадағаланатын нарықта бағасы бар ұқсас құралдармен салыстыруды, опциондарды бағалау модельдері мен басқа да бағалау модельдерін қамтиды.

Тануды тоқтату

Қаржы активтері

Қаржы активі (немесе, қолданылуына қарай – қаржы активінің бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бөлігі), егер:

- Активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса.
- Қор активтен ақша ағындарын алу құқығын берсе, не алынатын ақша ағындарын толық көлемде және елеулі кідіріссіз «транзиттік» келісім бойынша үшінші тарапқа төлеу міндеттемесін алса; не (а) Қор активтің барлық тәуекелдері мен пайдасын берсе, не (б) Қор бермесе, бірақ активтің барлық тәуекелдері мен пайдасын бермесе, бірақ осы активті бақылауды берсе жеке бухгалтерлік баланста тану тоқтатылады.

Егер Қор активтен ақша ағындарын алуға қатысты өзінің барлық құқығын берсе, не транзиттік келісім жасасса және бұл ретте активтің барлық тәуекелдері мен пайдасын бермесе және сақтамаса, сондай-ақ активті бақылауды бермесе, жаңа актив Қор берілген активке өз қатысуын жалғастыратындай дәрежеде танылады.

Бұл жағдайда Қор тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Қор сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепіл нысанын қабылдайтын жалғасқан қатысу мынадай шамалардың ең азы бойынша танылады: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Қор талап етуі мүмкін ең көп сома бойынша танылады.

Қаржылық міндеттемелер

Егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса немесе оның қолданылу мерзімі аяқталса, қаржылық міндеттеме танылуын тоқтатады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Кредиттік мекемелердегі қаражат, клиенттерге берілетін қарыздар және банктік депозиттер

Есепке алынуы амортизациялық құн бойынша жүргізілетін кредиттік мекемелердегі қаражатқа, берілген қарыздар мен банк депозиттеріне қатысты Қор бастапқыда жеке маңызы бар қаржылық активтер үшін құнсызданудың объективті белгілерінің болуын жеке негізде және жеке маңызы бар болып табылатын қаржылық активтер үшін жеке негізде немесе жиынтықта бағалайды. Егер Қор жеке негізде бағаланған қаржы активі бойынша оның маңызды болып табылатындығына қарамастан құнсызданудың объективті белгілері жоқ деп шешсе, Қор бұл активті кредиттік тәуекелдің осыған ұқсас сипаттамалары бар қаржы активтері тобына қосады. Соған қатысты құнсыздану шығындары мойындалатын дербес негізде құнсыздану мәніне бағаланатын активтер жиынтық негізде құнсыздану мәніне бағаланбауы тиіс.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

Кредиттік мекемелердегі қаражат, клиенттерге берілетін қарыздар және банктік депозиттер (жалғасы)

Құнсызданудан шығындар пайда болуының объективтік айғақтары болған жағдайда, шығын сомасы активтің баланстық құны мен бағаланған болашақтағы ақша ағындарының құны арасындағы (әлі жұмсалмаған, берілген қарыздар бойынша болашақта күтілетін шығындарды ескермейтін) айырманы білдіреді.

Болашақтағы есептік ақша ағындарының құны қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме арқылы дисконтталады. Егер қаржылық актив бойынша пайыздық мөлшерлеме ауыспалы болатын болса, құнсызданудан болған шығынды бағалау үшін дисконттау мөлшерлемесі пайыздың ағымдағы тиімді мөлшерлемесін білдіреді.

Активтің баланстық құны резерв шотын пайдалану есебінен төмендейді және шығын сомасы жиынтық кіріс туралы жеке есепте танылады. Пайыздық кірістер актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде төмендетілген баланстық құн бойынша есептелуін жалғастырады. Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы жеке есепте жеке жолда кірістің бір бөлігі ретінде көрсетіледі. Берілген қарыздар мен тиісті резерв оларды өтеудің шынайы перспективалары болмағанда және барлық қамтамасыз ету іске асырылған немесе Қорға берілген жағдайда, есептен шығарылады. Егер келесі жылы құнсызданудан болатын шығындар танылғаннан кейін болған оқиғаға байланысты құнсызданудан болатын бағаланған шығындардың сомасы ұлғайса немесе азайса, құнсызданудан болған шығындардың бұрын танылған сомасы резерв шотын түзету арқылы ұлғаяды немесе азаяды. Егер бұрын есептен шығарылған сомалар қалпына келтірілсе, онда қалпына келтіру сомасы жиынтық кіріс туралы жеке есепте пайдаларда және шығындарда көрсетіледі.

Сату үшін қолда бар инвестициялар

Бастапқы құн өтелмеуі мүмкін екендігінің объективтік айғақтары болған жағдайда, сатуға арналған қолда бар үлестік бағалы қағаз құнсызданған болып саналады. Құнсызданудың сапалық өлшемшарттарына қосымша ретінде бастапқы құн өтелмеуі мүмкін екендігінің объективтік айғақтары әділ құнның бастапқы құн шамасынан елеулі түрде немесе ұзақ төмендеуін қамтиды.

Егер сатуға арналған қолда бар үлестік бағалы қағаз Қор белгілеген сапалық немесе сандық өлшемшарттарға сәйкес құнсызданса, әділ құнның келесі есепті күндерде одан әрі төмендеуі құнсыздану ретінде танылады. Осылайша, әрбір есепті кезеңде Қордың құнсыздану өлшемшарттарына сәйкес құнсыздануға ұшыраған ретінде айқындалған үлестік бағалы қағазға қатысты құнсыздану бұрын танылған құнсыздануды шегергендегі әділ құн мен бастапқы құнның арасындағы айырма мөлшерінде танылады.

Акционерге беру үшін ұсталатын активтер ретінде жіктелетін ұзақ мерзімді активтер

Егер активтер мынадай өлшемшарттарға сәйкес келсе:

- ағымдағы жағдайында жедел беру үшін олар қолда бар болса;
- жоспарланған беруді жүзеге асыруға аса ниеті болса;
- жоспарды аяқтау үшін алдын ала белсенді әрекеттер қолданылатын болса;
- беруді жүзеге асыру ықтималдығы жоғары болса және беру жіктеу сәтінен бастап 1 (бір) жылдың ішінде аяқталады деп күтілсе, Акционерге беру үшін ұсталатын ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеледі.

Акционерге беру үшін ұсталатын активтер ретінде жіктелетін ұзақ мерзімді активтер жеке бухгалтерлік баланстағы ағымдағы активтер санатында жеке ұсынылған.

Акционерге беру үшін ұсталатын активтер ретінде жіктелетін ұзақ мерзімді активтер (және шығу топтары) беруге арналған шығындар шегеріле отырып, активтердің баланстық құны мен әділ құнның ең азы бойынша есепке алынады.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Акционерге беру үшін ұсталатын активтер ретінде жіктелетін ұзақ мерзімді активтер (жалғасы)

Акционерге беру үшін ұсталатын актив ретінде жіктелуін тоқтатқан ұзақ мерзімді актив мыналардың ішінен ең аз мән бойынша:

- егер осы актив (немесе шығу тобы) Акционерге беруге арналған актив ретінде жіктелмесе, кез келген амортизацияға немесе танылған қайта бағалауға түзетіле отырып, актив (немесе шығу тобы) Акционерге беруге арналған актив ретінде жіктелгенге дейін оның баланстық құнынан, және
- беруден бас тарту туралы кейінгі шешім күніндегі оның өтелетін сомасынан бағаланады.

Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Салық органдары нетто негізде сатулар мен сатып алулар бойынша ҚҚС өтелуін жасауға мүмкіндік береді, өтелуге жататын ҚҚС ішкі нарықтағы сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, ішкі нарықтағы сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді. Экспортқа сатылымдар нөлдік мөлшерлеме бойынша салынады.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына кассадағы қолма-қол ақша, талап еткенге дейінгі салымдарда орналасқан қаражат, бастапқы өтеу мерзімі 3 (үш) айдан артық болмайтын басқа да қысқа мерзімді өтімділі жоғары инвестициялар жатады.

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

39 ҚЕХС қолданылу саласында тұрған қаржылық міндеттемелер тиісінше пайда немесе шығын, және кредиттер мен қарыз алулар арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі. Қор олар бастапқы танылған кезде өзінің қаржылық міндеттемелерін жіктейді.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда қарыздар мен кредиттер болған жағдайда тікелей солармен байланысты мәміле бойынша шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша танылады. Қордың қаржылық міндеттемелері сауда және өзге де кредиторлық берешекті, алынған қарыздарды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарын, қаржылық кепілдік шарттарын және өзге де міндеттемелерді қамтиды.

Кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау оларды былай жіктеуге байланысты:

Қарыздар және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары

Бастапқы танылғаннан кейін пайыздық кредиттер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, олардың танылуы тоқтатылғанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы жеке есепте танылады. Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ комиссиялық немесе тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлемені амортизациялау жиынтық кіріс туралы жеке есептегі пайыздық шығыстардың құрамына кіреді.

Шығарылған қаржы құралдары немесе олардың компоненттері, егер шарттық келісімнің нәтижесінде Қордың не ақшалай қаражатты немесе өзге де қаржылық активтерді жеткізу міндеттемесі, не тіркелген ақшалай қаражаттың немесе басқа да қаржылық активтердің тіркелген сомасын тіркелген меншікті үлестік құралдар санына айырбастауға қарағанда, міндеттемені өзгеше түрде орындау міндеттемесі болса, олар міндеттемелер ретінде жіктеледі. Мұндай құралдар қарыздарды және мәмілеге тікелей байланысты шығындарды шегергендегі алынған қаражаттың әділ құны бойынша бастапқыда ескерілген кредит мекемелерінен алынған Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарын қамтиды.

Кейіннен, алынған қаражат амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі, және алынған қаражаттың таза шамасы мен өтеу құны арасындағы тиісті айырма тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып қарыз беру кезеңіндегі жиынтық кіріс туралы жеке есепте танылады. Егер Қор өзінің меншікті борыштық міндеттемесін сатып алса, онда ол жеке бухгалтерлік баланстан шығарылады, ал міндеттеменің баланстық құны мен мәміле бойынша төленген өтелім арасындағы айырма пайыздық кіріске қосылады.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

Кейінгі бағалау (жалғасы)

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бухгалтерлік есепте қарыздардың қағидаттары сияқты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары да көрсетілетін Қордың айналымға шығарылған облигацияларында берілген.

Қаржылық кепілдік шарттары

Қор шығарған қаржылық кепілдік шарттары борыштық құралдың талаптарына сәйкес белгілі бір борышкердің уақтылы төлемді жүзеге асыра алмауы салдарынан осы шарттың иесіне келтірілген шығындарды өтеу үшін төлем жүргізуді талап ететін шарттарды білдіреді. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда кепілдіктің шығуымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құны бойынша міндеттеме ретінде танылады. Соңынан, міндеттеме мынадай шамалардың ең үлкені бойынша бағаланады: есепті күнге қолданыстағы міндеттемені өтеуге қажетті шығындардың ең жақсы бағасы және жинақталған амортизацияны шегере отырып міндеттеменің танылған сомасы.

Инвестицияларды сатып алу кезінде туындайтын опциондар

Егер инвестицияларды сатып алу кезінде Қор сатушыға кәсіпорында сатып алған үлес бойынша колл опциондарын берсе, Қор осындай опционға қатысу сатушыға осындай үлеске меншік құқығына байланысты пайда мен тәуекелдерге қолжетімділік беретінін-бермейтінін бағалайды.

Егер сатып алған үлес бойынша колл опциондары опцион ұстаушысына үлестік иеленудің пайдасы мен тәуекелдеріне қолжетімділік бермеген жағдайда бұл опцион Қордың елеулі ықпалын анықтау кезінде ескерілмейді.

Қор үшін опцион бойынша міндеттемелердің әділ құны сатып алынған инвестициялар құнының бір бөлігі ретінде танылады. Кейіннен қаржылық міндеттеме 39 БЕХС талаптарына сәйкес бағаланады. Қаржылық міндеттеменің әділ құнындағы өзгерістер, сондай-ақ осы опциондарды іске асырумен байланысты кез келген кірістер немесе шығыстар жиынтық кіріс туралы жеке есепте ескеріледі.

Туынды қаржы құралдары

Бастапқыда туынды құралдар туынды құралдың шартын жасаған күндегі әділ құн бойынша танылады және кейіннен әрбір есепті күнге олардың әділ құнына дейін қайта бағаланады. Жиынтық пайда немесе шығын, егер туынды құрал хеджирлеу құралы ретінде танылмаса және жарамсыз болса, жиынтық кіріс туралы жеке есепте танылады, бұл жағдайда жиынтық кіріс туралы жеке есептегі тану мерзімі хеджирлеу қатынастарының сипатына байланысты болады.

Оң әділ құны бар туынды құрал – қаржылық актив ретінде, ал теріс әділ құны бар туынды құрал қаржылық міндеттеме ретінде танылады. Туынды құрал егер құралды қолданудың қалған мерзімі 12 (он екі) айдан асқан және таяу арадағы 12 (он екі) айдың ішінде оны сату немесе өтеу күтілмеген жағдайда ұзақ мерзімді актив немесе ұзақ мерзімді міндеттеме ретінде көрсетіледі. Өзге туынды құралдар ағымдағы активтерге немесе ағымдағы міндеттемелерге енгізіледі.

Кірісті тану

Кірістер Қор операциямен байланысты экономикалық пайдаларды алатын ықтималдық бар болған кезде танылады және кіріс сомасы дұрыс белгіленуі мүмкін.

Пайыздық және дәл сондай кірістер мен шығыстар

Уақытша бос ақша қаражатын орналастырудан болатын пайыздық кірісті қоспағанда, барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер Қордың негізгі қызметінен алынатын кірістерді білдіреді және пайыздық кірістердің құрамында ашып көрсетіледі. Уақытша бос ақша қаражатты орналастырудан болатын пайыздық кірістер қаржылық кірістердің құрамында ашып көрсетіледі.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Кірісті тану (жалғасы)***Пайыздық және ұқсас кірістер мен шығыстар*

Амортизацияланған құн және сатуға арналған қолда бар инвестициялар ретінде жіктелген пайыздық қаржы құралдары бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер немесе шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеменен көрсетіледі. Осы мөлшерлеме бойынша дисконттау кезінде күтілетін болашақтағы ақшалай төлемдер немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішіндегі немесе өте қысқа уақыт кезеңі ішіндегі түсімдер, олар қолданылатын жерде бұл қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына дәлме-дәл келтіріледі. Есептеу кезінде қаржы құралы бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын құралға тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығыстар ескеріледі, бірақ кредиттер бойынша болашақ шығыстар ескерілмейді.

Қор төлемдерді немесе түсімдерді бағалауды қайта қарастырған жағдайда, қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің баланстық құны түзетіледі. Түзетілген баланстық құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде есептеледі, ал баланстық құнның өзгерісі пайыздық кірістер немесе шығыстар ретінде көрсетіледі.

Құнсыздану салдарынан жеке қаржылық есептілікте көрсетілген қаржылық активтің немесе ұқсас қаржылық активтер тобының құны төмендеген жағдайда, пайыздық кірістер жаңа баланстық құн негізінде бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша танылуын жалғастырады.

Дивидендтер

Дивидендтер бойынша кіріс Қордың төлем алу құқығы белгіленген жағдайда танылады.

Мемлекеттік субсидиялар

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың жалғыз акционері болып табылатынына байланысты, Қор Үкіметтің рөлін бағалай отырып, онымен жасалған барлық мәмілелерді талдайды: Үкімет ең бастысы қай жағдайларда Акционер ретінде, ал қай жағдайларда реттеуші ретінде әрекет етеді. Егер нақты операция кезінде Үкіметтің акционер ретінде әрекет ететіндігі анықталса, Қордың мұндай операцияның нәтижесінде алған кез келген пайдасы немесе шеккен шығыны тікелей капиталда жарна немесе Акционердің капиталын алып қою ретінде танылады.

Егер Үкіметтің ерекше операциясы Акционер ретіндегі әрекет ретінде анықталмаса, мұндай операциялар 20 «Мемлекеттік субсидияларды есепке алу және мемлекеттік көмек туралы ақпаратты ашу» БЕХС ережелеріне сәйкес ескеріледі. Мұндай жағдайларда мемлекеттік субсидиялар субсидиялардың алынатындығы және онымен байланысты барлық қажетті талаптардың орындалатындығына ақылға қонымды сенімділік болған кезде олардың әділ құны бойынша танылады. Егер субсидия шығыс бабына қатысты болған жағдайда, ол жүйелі негізде өтеуі тиіс тиісті шығыстармен салыстыру үшін қажетті кезең ішіндегі кіріс ретінде танылады. Субсидия активке қатысты болған кезде оның әділ құны болашақ кезеңдердің кірісіне жатқызылады және тиісті активтің пайдалы қызмет етуінің күтілетін кезеңі ішінде жиынтық кіріс туралы жеке есепте тең бөліктермен жыл сайын көрсетіледі. Кіріске жататын субсидиялар жиынтық кіріс туралы жеке есепте операциялық қызметтен түсетін кірістердің құрамында жеке көрсетілген.

Шығыстарды тану

Шығыстар пайда болған сәтте есепке алынады және есептеу әдісінің негізінде, олар жатқызылған кезеңде жеке қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Табыс салығы

Бір жылғы табыс салығы ағымдағы және кейінге қалдырылған салықты қамтиды. Табыс салығы ол өз капиталына тікелей жатқызылған баптарға жататын жағдайларды қоспағанда, жиынтық кіріс туралы жеке есепте көрсетіледі және бұл жағдайда ол капиталда танылады.

Табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар бір жылдағы салық салынатын пайда бойынша төленетін, күтілетін салықтарды және өткен жылдарға қатысты төленетін салыққа қатысы бар кез келген түзетулерді білдіреді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері баланстық әдісті пайдалана отырып, барлық уақытша айырмаларға қатысты есептеледі.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)****Табыс салығы (жалғасы)**

Кейінге қалдырылған салықтар компаниялардың бірігуі болып табылмайтын және оны жасау сәтінде бухгалтерлік кіріске немесе салық салынатын пайда мен шығынға әсерін тигізбейтін мәміле бойынша гудвилді, активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде кейінге қалдырылған табыс салығы пайда болған жағдайды қоспағанда, жеке қаржылық есепте активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы және олардың баланстық құны арасындағы барлық уақытша айырмалар бойынша айқындалады.

Кейінге қалдырылған салық активі шегерілетін уақытша айырмалар сомасына төмендетілуі мүмкін салық салынатын пайданы алудың елеулі ықтималдылығы дәрежесінде ғана танылады. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мен активтері есепті күнге қолданылып жүрген немесе жарияланған (іс жүзінде қабылданған) салық мөлшерлемелері негізінде қолданылуы активті өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде күтілетін салық мөлшерлемелері бойынша есептеледі.

Капитал*Жарғылық капитал*

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Кәсіпорындарды біріктіру жағдайларын қоспағанда, жаңа акцияларды шығаруға тікелей байланысты үшінші тараптарға қызметтеріне ақы төлеу шығындары осы эмиссия нәтижесінде алынған соманы төмендету ретінде капиталдың құрамында көрсетіледі. Шығарылған акциялардың номиналды құнының үстінен алынған қаражаттың әділ құнынан асып кеткен сома бөлінбеген пайдаға жатады.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға жеке қаржылық есептілікті бекіту күніне дейін ұсынылса немесе жарияланса, жеке қаржылық есептілікте ашылып көрсетіледі.

4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР

Қордың жеке қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан жеке қаржылық есептілікте көрсетілген кірістер, шығыстар, активтер мен міндеттемелер сомасына, сондай-ақ есеп беру күндегі шартты міндеттемелер мен активтер туралы ақпаратты ашуға ықпал ететін пайымдаулар шығаруды, бағалау мәндері мен жол берулерді айқындауды талап етеді. Алайда осы жол берулер мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік болашақта осыған ұқсас жол берулер мен бағалаулар жасауға қатысты активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына елеулі түзетулерді талап ететін нәтижелерге алып келуі мүмкін.

Келесі қаржы жылының ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнында елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін есеп беру күндегі келешек туралы негізгі жорамалдар мен белгісіздік пайымдауларының өзге негізгі дерек көздері төменде қарастырылады:

Қаржы құралдарының әділ құны

Жеке бухгалтерлік баланста танылған қаржы құралдарының және қаржы міндеттемелерінің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықтала алмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы деректер ретінде бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, алайда бұны іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пікірлер өтімділік тәуекелі, кредиттік тәуекел және өзгермелілік сияқты осындай бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер жеке қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін.

Кредиттік мекемелердегі қаражатпен берілген қарыздар мен депозиттердің құнсыздануына арналған резерв

Әрбір есепті күнге Қор пайдалар мен шығындардағы құнсызданудан болатын шығынды көрсету қажеттігі тұрғысынан кредиттік мекемелердегі қаражатпен берілген өздерінің елеулі қарыздарына және депозиттеріне талдау жүргізеді. Атап айтқанда, басшылықтың пайымдаулары құнсызданудан болған шығынды айқындау кезінде болашақ ақшалай ағындардың сомалары мен мерзімдерін бағалау үшін талап етіледі.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)****Кредиттік мекемелердегі қаражатпен берілген қарыздар мен депозиттердің құнсыздануына арналған резерв (жалғасы)**

Осындай ақшалай ағындарды бағалау кезінде Қор егер осындай бар болса, қарыз алушының қаржылық жай-күйі және қамтамасыз етуді сатудың таза құны туралы өз пайымдауларын шығарады. Бұл бағалар факторлар қатарында жорамалдарға негізделген және нақты нәтижелері болашақта резервке өзгерістер әкелетін өзгелер болуы мүмкін.

Салық салу

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде басшылық, Қор дауласпайтын немесе егер қосымша салықтарды салық органдары есептейтін болса, ол ойдағыдай шағымдана алады деп есептемейтін салық заңнамасын сақтамаудың белгілі салаларын ықтимал міндеттемелері ретінде қарастырады. Мұндай анықтау мәнді пайымдауларды шығаруды талап етеді және салық заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілердегі өзгерістер, салық салу шарттарына түзетулер, өз шешімдерін күтетін салық талқылаулары бойынша күтілетін нәтижелерді және сәйкестікті тексеруге салық органдары жүзеге асыратын ағымдағы нәтижені анықтау нәтижесінде өзгеруі мүмкін.

Кейінге қалдырылған салық активтері

Кейінге қалдырылған салық активтері барлық резервтер мен салық салынатын уақытша айырмаларға және осындай шығыстардың коммерциялық сипатына, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясын табысты қолдануға негіздеу ықтималдығы бар дәрежеде өзге де міндеттемелер бойынша танылды. 2017 жылғы 31 желтоқсанда кейінге қалдырылған салық активтерінің танылмаған сомасы 45.622 миллион теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 34.846 миллион теңге) құрады (25-ескерпне).

Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардың құнсыздануы

Егер еншілес ұйымға салынған инвестицияның баланстық құны келесі өлшемдердің ең үлкені болып табылатын оның өтелетін құнынан асып кетсе, құнсыздану орын алады: сатуға арналған шығынды шегергендегі әділ құн және пайдаланудан болған құндылық 2017 жылы Қор еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардың құнсыздануын қабылдамады.

Сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы

Сатуға арналған ретінде жіктелген ұзақ мерзімді актив мынадай шамалардың ең азы бойынша бағалануға тиіс: оның баланстық құны немесе сатуға арналған шығындарды шегергендегі әділ құн. Әділ құн актив оған айырбасталуы немесе тараптар осындай мәмілені жүргізуге ниет білдірген, хабардар тараптар жүргізген коммерциялық мәміле шеңберінде міндеттеме өтелуі мүмкін сома ретінде айқындалады. Сатуға арналған шығындар қаржыландыруға және табыс салығына арналған шығындарды қоспағанда, активтің істен шығуына тікелей байланысты қосымша шығындар ретінде белгіленеді.

2017 жылы Қор 6.169 миллион теңге мөлшерінде (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 0 теңге) сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануынан болған шығынды таныды (10-ескерпне).

5. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

2015 жылы Топтың бизнес-процестерін автоматтандыру мақсатында Қор «Қазақстан САП» ЖШС компаниясымен SAP бағдарламалық жасақтамасын сүйемелдеу бойынша қызметтерді пайдалану және көрсетудің мерзімсіз құқықтарын беру туралы ұзақ мерзімді келісім жасасты. Қор оның еншілес ұйымы «Самұрық-Қазына Бизнес-Сервис» ЖШС-мен сенімгерлік басқару шартын жасады, әрі ол Қор компаниялары тобының қоржын компанияларына лицензияларды таратады.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТІЛЕДІ (жалғасы)**6. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЈАЛАР**

Мына кестеде Қордың еншілес ұйымдарына салынған инвестициялар, олардың қызметі, тіркелген елі немесе орналасқан жері, сондай-ақ Қордың бұл ұйымдарға қатысу үлесі көрсетілген:

Миллион теңгемен	Қызметінің түрі	Елі	2017 жылғы		2016 жылғы		Иелік ету үлесі	
			31 желтоқсан	31 желтоқсан	31 желтоқсан	31 желтоқсан	2017 жылғы	2016 жылғы
«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ	Жүк және жолаушылар теміржол тасымалдары	Қазақстан	1.449.535	1.382.683	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ	Мұнай-газ саласы	Қазақстан	1.187.541	1.187.542	90,09%	90,09%	90,00%	90,00%
«Самұрық-Энерго» АҚ	Жылуды және электр қуатын өндіру әрі тасымалдау	Қазақстан	452.608	452.608	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%
«Тау-кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ	Тау-кен саласы	Қазақстан	293.135	293.135	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%
«Біріккен химиялық компания» ЖШС	Химия саласы	Қазақстан	274.119	233.516	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%
«ҚазАтомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ	Уранды өндіру	Қазақстан	147.634	147.368	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%
«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ («КЕГОК»)	Электр қуатын тарату	Қазақстан	120.648	120.648	90,00% + 1	90,00% + 1	90,00%	90,00% + 1
«Қазақтелеком» АҚ	Тіркелген байланыс қызметтері	Қазақстан	93.212	93.212	51,00%	51,00%	51,00%	51,00%
«Қазпошта» АҚ	Пошталық қызмет және қаржылық қызметтер	Қазақстан	38.183	29.362	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%
«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ	Жылжымайтын мүлік	Қазақстан	31.849	31.849	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%
«Қазақстан Инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ	Машина жасау	Қазақстан	23.595	23.595	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%
«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС	Инвестициялық жобалар бойынша кәсіптік қызметтер	Қазақстан	23.088	19.258	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%
«Эйр Астана» АҚ	Жолаушылар әуе тасымалы	Қазақстан	7.276	7.276	51,00%	51,00%	51,00%	51,00%
«Ақтөбе халықаралық әуежайы» АҚ	Әуежай қызметтері	Қазақстан	6.029	6.029	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%
«Павлодар әуежайы» АҚ	Әуежай қызметтері	Қазақстан	1.454	1.454	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%
«Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС (бұрын – «Самұрық-Қазына Қаржы» ЖШС)	Трансфорацияны іске асыру бойынша сервистік қызметтер	Қазақстан	1.219	—	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%
«Атырау» халықаралық әуежайы» АҚ	Әуежай қызметтері	Қазақстан	1.196	1.196	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%
«КОРЭМ» АҚ	Электр қуаты нарығының операторы	Қазақстан	161	161	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%
«AirKazakhstan» авиация компаниясы» АҚ	Жолаушылар әуе тасымалы	Қазақстан	136	136	53,55%	53,55%	53,55%	53,55%
«Qazaq Air» АҚ	Жолаушылар әуе тасымалы	Қазақстан	120	120	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%
«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС	Жобаларды басқару	Қазақстан	21	1.284	100,00%	100,00%	100,00%	100,00%
			4.152.759	4.032.432				

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**6. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)****Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардағы өзгерістер**

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚТЖ»)

2017 жылы Қор Республикалық бюджеттен алынған қаражаттың есебінен ақшалай жарна түрінде ҚТЖ жарғылық капиталына 66.852 миллион теңге мөлшерінде салым салды (14-ескерте).

«Біріккен химиялық компания» ЖШС (бұдан әрі – «БХК»)

2017 жылы Қор БХК жарғылық капиталына 40.603 миллион теңге мөлшерінде салымды жүзеге асырды. Салым 27.178 миллион теңге мөлшерінде ақшалай жарна түрінде жасалды, оның ішінде 7.700 миллион теңге Республикалық бюджеттен алынған қаражаттың есебінен (14-ескерте), сондай-ақ берілген кепілдік бойынша міндеттеменің танылуына байланысты 12.946 миллион теңге.

Қор 2017 жылы БХК-ға нарықтағыдан төмен пайыздық мөлшерлеменен қарыз берді (8-ескерте), осы қарызды беру күніндегі әділ құн мен оның номиналды құны арасындағы айырма ретінде есептелген ол бойынша 479 миллион теңге мөлшеріндегі дисконт инвестицияларды ұлғайту ретінде танылды.

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Қазатомөнеркәсіп»)

2017 жылы Қор Қазатомөнеркәсіптің жарғылық капиталына мүліктік салым түрінде 266 миллион теңге мөлшерінде салым салды (14-ескерте).

«Қазпошта» АҚ

Қор 2017 жылы «Қазпошта» АҚ-ның жарғылық капиталына ақшалай салым түрінде 8.821 миллион теңге мөлшерінде салым салды.

«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС

Қор 2017 жылы «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС-ның жарғылық капиталына ақшалай жарна түрінде 3.829 миллион теңге мөлшерінде салым салды.

«Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС

Қор 2017 жылы «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС-ның жарғылық капиталына ақшалай жарна түрінде 1.219 миллион теңге мөлшерінде салым салды.

«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС

Қор 2017 жылы «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС-ның жарғылық капиталының мөлшерін 1.263 миллион теңге мөлшеріндегі сомаға азайту шешімін қабылдады, азайтылған сома дебиторлық берешектің құрамында танылды.

7. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

31 желтоқсанда бірлескен кәсіпорынға салынған инвестициялар былайша берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Бірлескен кәсіпорын		
«KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК	1.494.941	1.494.941
	1.494.941	1.494.941

31 желтоқсанға бірлескен кәсіпорынның қызметі, оның орналасқан елі және осы ұйымдардағы Қордың үлесі былайша берілген:

Компания	Қызметінің түрі	Елі	Иелік ету үлесі	
			2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
«KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК	Мұнай-газ саласы	Нидерланд	50,00%	50,00%

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**8. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР**

31 желтоқсандағы берілген қарыздар мынаны қамтыды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Еншілес ұйымдарға берілген қарыздар	360.259	391.418
«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ	163.756	141.177
«Самұрық-Энерго» АҚ	83.435	81.670
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	79.086	76.614
«Qazaq Air» АҚ	22.814	13.304
«Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ	6.000	–
«Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ	3.101	2.898
«Біріккен химиялық компания» ЖШС	1.454	–
«Атырау» халықаралық еуежайы» АҚ	613	755
«Қазтеміртранс» АҚ	–	60.000
«Локомотив» АҚ	–	15.000
Бөгде ұйымдарға және байланысты тараптарға берілген қарыздар	204.003	210.319
Eurasian Resources Group ЖШС (бұрынғы Eurasian Natural Resources Corporation PLC)	166.165	166.645
«Елорда Даму» ЖШС	18.691	16.613
«Досжан Темір Жолы» АҚ	8.240	8.396
«АУТ Housing Complex» ЖШС	7.099	6.937
Басқасы	3.808	5.251
«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС	–	6.477
Еншілес ұйымдар шығарған облигациялар	25.000	–
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	25.000	–
Бөгде ұйымдар мен байланысты тараптарға шығарылған облигациялар	13.680	2.873
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	10.596	–
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	3.084	2.873
Есептелген сыйақы	10.828	10.768
Минусы: құнсыздану резерві	(14.727)	(14.869)
Берілген қарыздардың жалпы сомасы	599.043	600.509
Минусы: ағымдағы бөлік	(215.626)	(227.721)
Ұзақ мерзімді бөлік	383.417	372.788

Қарыздар мына валюталармен берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Теңгемен берілген қарыздар	429.313	430.288
АҚШ доллармен берілген қарыздар	169.730	170.221
	599.043	600.509

Еншілес ұйымдарға берілген қарыздар

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ (Жылжымайтын мүлік қоры)

2016 жылғы 27 мамырда Қор Жылжымайтын мүлік қорымен 97.000 миллион теңге жалпы сомасына қарыз шартын жасасты. Осы қарыз шартына сәйкес Қор 2017 жылы «Нұрлы Жер» бағдарламасын (бұрын – «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы) іске асыру шеңберінде коммерциялық тұрғын-үйдің құрылысын қаржыландыру үшін 2026 жылғы 1 сәуірге дейін өтеу мерзімімен және 0,15% сыйақы мөлшерлемесімен 12.108 миллион теңге мөлшерінде қарыз берді. Қаржыландыру Ұлттық қордың қаражаты есебінен жүзеге асырылды. Бастапқы тану кезінде осы қарыз сыйақының нарықтық мөлшерлемелерін пайдалана отырып, 9.018 миллион теңгені құрайтын әділ құнмен бағаланды.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**8. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР (жалғасы)****Еншілес ұйымдарға берілген қарыздар (жалғасы)**

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ (Жылжымайтын мүлік қоры) (жалғасы)

2016 жылғы 27 мамырдағы қарыз шартына 2017 жылғы 20 қыркүйектегі қосымша келісімнің талаптарына сәйкес, Жылжымайтын мүлік қорына нысаналы мақсат бойынша инвестицияланған қаражат қайтарылған жағдайда, Жылжымайтын мүлік қоры тоқсан сайын бұл қаражатты қарызды мерзімінен бұрын өтеуге жолдауға міндеттенеді. Жылжымайтын мүлік қоры күтілетін ағындар кестесін ұсынды, соған сәйкес 46.293 миллион теңге мөлшеріндегі негізгі борыштың бір бөлігі қысқа мерзімді қарыздардың құрамында жіктелді.

2017 жылы Жылжымайтын мүлік қоры 9.773 миллион теңге сомасына қарызды ішінара өтеуді жүзеге асырды (2016 жылы: 31.625 миллион теңге). 2017 жылғы 31 желтоқсанда негізгі борыш пен алынатын сыйақының жалпы баланстық құны 165.076 миллион теңгені құрады (2016 жылы: 142.266 миллион теңге).

«Qazaq Air» АҚ

2017 жылғы 13 наурызда Қор және «Qazaq Air» АҚ кредит шартын жасады, соған сәйкес 13.303 миллион теңге мөлшеріндегі пайызсыз қаржылай көмек бойынша берешек қарызға айырбасталды.

2017 жылғы 29 наурызда Қор және «Qazaq Air» АҚ операциялық жалдауды қамтамасыз ету және әуе кемелерін инженерлік-техникалық сүйемелдеуді қолдау, әуе сақтандыруы және ұшатын персоналды жалдау бойынша шығыстарды төлеуді қоса алғанда, айналым капиталын қаржыландыру үшін қарыз шартын жасасты. 2017 жылдың ішінде Қор 6.523 миллион теңге мөлшерінде 10 транш берді.

«Qazaq Air» АҚ-ға берілген қарыздар 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін өтелуі тиіс және тиісті корпоративтік шешімдер қабылданғаннан кейін акцияларға айырбасталуы мүмкін, 2017 жылғы 30 қазандағы кредит шарттарына қосымша келісімдерге сәйкес сыйақы мөлшерлемелері кредит мерзімінің соңында төленуімен қоса жылдық 5,5%-дан бастап 0,01%-ға дейін төмендетілді.

Сондай-ақ, 2017 жылғы 7 желтоқсанда Қор «Qazaq Air» АҚ-ға екі жана әуе кемесі құнының 20% төлеу үшін 2.987 миллион теңге мөлшерінде пайызсыз қаржылай көмек берді. Қаржылай көмекті өтеу мерзімі – 2018 жылғы 6 желтоқсанға дейін.

«Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ (Қазақстан Инжиниринг)

2017 жылғы 27 шілдеде Қор Қазақстан Инжинирингке «Қазақстан Халық банкі» АҚ-дан болған қарыз бойынша негізгі борышты өтеу үшін 6.000 миллион теңге мөлшерінде пайызсыз қаржылай көмек берді. Пайызсыз қаржылай көмекті өтеу мерзімі – 2018 жылғы 15 сәуірге дейін. Бұл ретте, Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі отырысының хаттамасына және Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі Мемлекеттік комиссияның 2017 жылғы 23 қарашадағы отырысының хаттамасына сәйкес Ұлттық қор қаражатының есебінен және 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін қайтару мерзімімен кредитті беру арқылы пайызсыз қаржылай көмек шартын өтеу жоспарланып отыр. Осыған орай, Қор қарызды берілген ұзақ мерзімді қарыздар ретінде жіктеді.

«Біріккен химиялық компания» ЖШС (бұдан әрі – «БХК»)

2017 жылғы 15 желтоқсанда Қор БХК-мен 9.100 миллион теңгеден артық емес жалпы сомаға кредит шартын жасасты, соған сәйкес Қор 2027 жылғы 21 желтоқсанға дейін өтеу мерзімімен және 0,1% сыйақы мөлшерлемесімен «Полимер продакшн» ЖШС-ға қарызды одан әрі беру мақсатында 1.930 миллион теңге мөлшерінде бірінші траншты берді. Бастапқы тану кезінде қарыз 8,8% мөлшерлемесі бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы айқындалған 1.451 миллион теңгеге тең әділ құны бойынша танылды.

Бөгде ұйымдарға және өзге байланысты тараптарға берілген қарыздар

«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС

2017 жылғы 17 қаңтарда «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС 7.500 миллион теңге мөлшерінде қарызды мерзімінен бұрын өтеді. «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС қарызының мерзімінен бұрын өтелуіне байланысты жиынтық кіріс туралы жеке есепте 1.023 миллион теңге мөлшерінде дисконт амортизациясы бойынша кірістер танылды.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**8. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР (жалғасы)****Еншілес ұйымдар шығарған облигациялар**

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ

2017 жылғы 24 қазанда Қор айналым мерзімі 2027 жылғы 24 шілдеге дейін және жылдық купондық сыйақысы 11% мөлшеріндегі облигациялардың жалпы сомасы 25.000 миллион теңгеге әрқайсысының номиналды құны 1.000 теңге ҚТЖ шығарған 25.000.000 купондық облигацияны сатып алды.

Бөгде ұйымдар мен байланысты тараптарға шығарылған облигациялар

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ

2017 жылғы 18 қазанда Қор «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның облигацияларын 2026 жылғы 29 наурызға дейінгі өтеу мерзімімен және 0,15% сыйақы мөлшерлемесімен 21.100 миллион теңге мөлшерінде сатып алды. Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат эмитенттің еншілес ұйымы «Бәйтерек Девелопмент» АҚ-ға тұрғын үй құрылысының максаттары үшін шығарылатын Астана мен Алматы қалаларының, облыстардың жергілікті атқарушы органдарының борыштық бағалы қағаздарын сатып алуға қарыз беру үшін көзделген. Қаржыландыру Ұлттық қордың қаражаты есебінен жүзеге асырылды.

Бастапқы тану кезінде осы облигациялық қарыз сыйақының тиісті нарықтық мөлшерлемелерін пайдалана отырып, 10.416 миллион теңгені құрайтын әділ құнмен бағаланды. Тану күніндегі қарыздың номиналды құны мен әділ құны арасындағы 10.684 миллион теңге мөлшеріндегі айырма Акционермен Операциялар ретінде танылды (14-ескертіле).

9. КРЕДИТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ

31 желтоқсанға кредиттік мекемелердегі қаражатқа мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
10 ірі жергілікті банк	528.740	526.533
Өзге де жергілікті кредиттік мекемелер	84.616	268.279
Есептелген сыйақы	4.189	8.735
Минусы: құнсыздану резерві	—	(7.598)
Кредиттік мекемелердегі қаражаттың жалпы сомасы	617.545	795.949
Минусы: ағымдағы бөлік	(178.425)	(194.751)
Ұзақ мерзімді бөлік	439.120	601.198

Құнсыздану резервіндегі өзгерістер былай көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
1 қаңтарға	7.598	—
Бір жылға есептеу	—	7.598
Басқа ағымдағы активтерге қайта жіктелді (12-ескертіле)	(7.598)	—
31 желтоқсанға	—	7.598

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
BBB-(Baa3)-дан BB-(Ba3)-ға дейін рейтинг	63.898	93.257
B+(B1)-дан B-(B3)-ға дейін рейтинг	520.455	325.212
CCC+(Caa1)-дан CC(Ca)-ға дейін рейтинг	—	214.293
Рейтинг жоқ	33.192	170.785
Минусы: құнсыздану резерві	—	(7.598)
617.545	795.949	

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**9. КРЕДИТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ (жалғасы)**

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның және «Қазпошта» АҚ-ның рейтингісі болмады (2016 жыл: «БТА Банкі» АҚ мен «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ және «Казинвестбанк» АҚ).

Кредиттік мекемелердегі қаражат мына валюталармен берілді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Теңгемен берілген кредиттік мекемелердегі қаражат	581.909	756.596
АҚШ долларымен берілген кредиттік мекемелердегі қаражат	35.636	39.353
	617.545	795.949

Негізінен, кредиттік мекемелердегі қаражат Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында банктерге және басқа да қаржы ұйымдарына орналастырылған қаражатты (нысаналы қарыздар), сондай-ақ уақытша бос ақша қаражатын басқару саясаты шеңберінде орналастырылған банк депозиттерін білдіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Уақытша бос ақша қаражатын басқару саясатының шеңберінде орналастырылған банк депозиттері	423.719	432.699
Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында кредит мекемелеріндегі қаражат	193.826	363.250
Кредиттік мекемелердегі қаражаттың жалпы сомасы	617.545	795.949
Минусы: ағымдағы бөлік	(178.425)	(194.751)
Ұзақ мерзімді бөлік	439.120	601.198

Уақытша бос ақша қаражатын басқару саясатының шеңберінде орналастырылған банк депозиттері

Уақытша бос ақша қаражатын басқару саясаты шеңберінде Қор қазақстандық екінші деңгейдегі банктерге депозиттерді орналастырады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді банк депозиттері бойынша орташа алынған мөлшерлеме жылдық 5,12% (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 5,36%), қысқа мерзімді банк депозиттері бойынша орташа алынған мөлшерлеме жылдық 8,41% (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 8,8%), доллардағы қысқа мерзімді банк депозиттері бойынша жылдық 2,66% (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 3,11%) болды.

«Delta Bank» АҚ-дағы депозит

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың «Delta Bank» АҚ-да 16.000 миллион теңге мөлшерінде банктік депозиттері болды.

2017 жылғы ақпанда Standart&Poors рейтинг агенттігі «Delta Bank» АҚ-ның ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтерін «СС/С» бастап «D/D» дейін («дефолт») және артықшылықты қамтамасыз етілмеген облигациялар шығарылымының рейтингтерін «СС» бастап «D» дейін төмендетті.

2017 жылғы 4 шілдеде Қор, «Delta bank» АҚ, «Қазпошта» АҚ және «Leader Invest Company» ЖШС арасында қарызды талап ету (цессия) және аудару құқығын басқаға беру туралы шарт жасалды. Шарттың жасалу күніне Қордың «Delta Bank» АҚ-дағы 3.150 миллион теңге сомасына депозиті «Қазпошта» АҚ-ға аударылды. Бір мезгілде «Delta Bank» АҚ-дан «Қазпошта» АҚ-ға бұрын дәл сондай сомаға банк «Leader Invest Company» ЖШС-на берген кредиттік қарыз берілді және соның қамсыздандырылуына Қордың аударылған депозиті ұсынылды. Қарыз алушы «Leader Invest Company» ЖШС мерзімді негізде 18 айдың ішінде «Қазпошта» АҚ-ға аударымдар жасап отыру міндеттемесін өзіне қабылдап алды, «Қазпошта» АҚ борышкерден қаражатты алғаннан кейін Қорға депозиттерді қайтарып береді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 2 қарашадағы № 194 қаулысына сәйкес «Delta bank» АҚ-ны бағалы қағаздар нарығында банктік және өзге де операциялар мен қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиядан 2017 жылғы 3 қарашадан бастап айыру туралы шешім қабылданды.

Бұл ақпараттың негізінде Қор депозиттердің құнсыздануына бұрын есептелген резервті қайта қарау қажеттілігі және оны депозит құнының 100% дейін ұлғайту туралы шешімді қабылдап, 10.570 миллион теңге мөлшерінде депозиттердің құнсыздану шығынын жиынтық кіріс туралы жеке есепте таныды.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

9. КРЕДИТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ (жалғасы)

Уақытша бос ақша қаражатын басқару саясатының шеңберінде орналастырылған банк депозиттері (жалғасы)

«Delta Bank» АҚ-дағы депозит (жалғасы)

Ағымдағы сәтке Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тарату комиссиясын тағайындау жұмысын жүргізуде.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Delta bank» АҚ-да мерзімі өткен депозиттердің өтелімділігіндегі белгісіздікті ескере отырып, Қор 16.270 миллион теңге сомасында есептелген сыйақыны және депозиттер құнының 100% мөлшерінде есептелген құнсыздану сомасын ескере отырып, депозиттерді өзге активтерге қайта жіктеді (12-ескерпне).

«Казинвестбанк» АҚ-дағы қаражат

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың «Казинвестбанк» АҚ-да 2.110 миллион теңге мөлшерінде банктік депозиттері болды.

2017 жылғы мамырда ҚР Ұлттық банкінің бақылауымен «Казинвестбанк» АҚ-ның «ДБ «Альфа-Банк» АҚ-дағы активтері мен міндеттемелерінің бір бөлігін бір мезгілде беру операциялары басталып, 29 маусымда аяқталды, солардың шеңберінде Қор «Альфа-Банк» АҚ-дағы 390 миллион теңге мөлшеріндегі депозиттің бір бөлігін берді.

Бағалаудың нәтижесінде Қор бұл банктегі қалдықтардың құнсыздану резервін 100%-ға дейінгі мөлшерде түзетті, бұл ретте 388 миллион теңге мөлшеріндегі қосымша құнсыздануды жиынтық кіріс туралы есепте депозиттердің құнсыздануынан болған шығындардың құрамында таныды.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор, есептелген сыйақыны ескере отырып, «Казинвестбанк» АҚ-дағы 2.286 миллион теңге сомасындағы депозиттерді және депозиттер құнының 100% мөлшерінде есептелген құнсыздану сомасын ескере отырып, депозиттерді басқа активтерге қайта жіктеді (12-ескерпне).

Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында кредит мекемелеріндегі қаражат (нысаналы қарыздар)

2017 жылғы 31 желтоқсанға негізінен Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында банктерге және басқа да қаржы ұйымдарына орналастырылған қаражат мынадай қаржы ұйымдары мен банктерге теңгемен берілген қарыздар мен банк салымдары түрінде көрсетілген:

- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 25.450 миллион теңге сомасына (2016 жылы: 25.279 миллион теңге) шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру мақсаттары үшін. Осы қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелер жылдық 2% және 5,5%-ды құрайды.
- «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қаржылық лизингті қорландыру құнын азайту, қазақстандық локомотивтер экспортын ынталандыру және экономиканың басым салаларындағы инвестициялық жобаларға кредит беру мөлшерлемесін азайту мақсаттары үшін тиісінше 17.977 миллион теңге, 3.908 миллион теңге және 2.764 миллион теңге мөлшерінде (2016 жылы: тиісінше 17.020 миллион теңге, 3.746 миллион теңге және 2.908 миллион теңге мөлшерінде). Осы қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелер жылдық 0,2%-дан бастап 0,6%-ға дейін құрайды.
- Екінші деңгейдегі банктерге ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыруға және студенттерге, Астана мен Алматы қалаларында тұрғын үй объектілерін салуға кредит беруге және аралық тұрғын үй қарыздарын беруге тиісінше 81.579 миллион теңге, 31.307 миллион теңге және 30.841 миллион теңге мөлшерінде (2016 жылы: тиісінше 88.614 миллион теңге, 38.250 миллион теңге және 29.634 миллион теңге) қарыз берілген. Осы қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелер жылдық 1%-дан бастап 7,28%-ға дейін құрайды.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік мекемелердегі қаражатқа «БТА Банкі» АҚ-ға банктің міндеттемелерін қайта құрылымдау шеңберінде жалпы банктік мақсаттарға және өтемақы сомаларында қолма-қол қаражат үлесін төлеу үшін 138.621 миллион теңге мөлшерінде берілген қарыз кірді. 2017 жылғы 3 шілдеде «БТА Банкі» АҚ қарызды толықтай мерзімінен бұрын өтеді. «БТА Банкі» АҚ қарызының мерзімінен бұрын өтелуіне орай 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жиынтық кіріс туралы жеке есепте 101.454 миллион теңге мөлшерінде дисконт амортизациясы танылды. Бұл қаражат Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі сатып алған облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуге бағытталды (16-ескерпне).

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың кредиттік мекемелерде мерзімі өткен қаражаты болмады.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**10. ӨЗГЕ ДЕ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ**

31 желтоқсанда басқа да қаржы активтеріне мыналар кірді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Сату үшін қолда бар қаржы инвестициялары		
«Астана-Финанс» АҚ-ның үлестік бағалы қағаздары	6.516	6.516
Өзге де борыштық бағалы қағаздар	1.164	6.788
«Қазкоммерцбанк» АҚ-ның («ҚКБ») үлестік бағалы қағаздары	–	18.643
Минусы: құнсыздану резерві	(6.516)	(6.516)
Басқа қаржы активтерінің жалпы сомасы	1.164	25.431
Минусы: ағымдағы бөлік	–	(5.784)
Ұзақ мерзімді бөлік	1.164	19.647

ҚКБ үлестік бағалы қағаздары

2017 жылғы 15 маусымда Қор және «Қазақстан Халық банкі» АҚ ҚКБ акцияларын сатып алу-сату шартын жасады, әрі ол ҚКБ-ның орналастырылған акцияларының 10,72% құраған ҚКБ-ның 85.517.241 дана жай акциясын өткізуді көздейді. 2017 жылғы 5 шілдеде мәміле аяқталды, өткізу құны 1 теңгені құрады.

Сату үшін қолда бар активтің құнсыздануы бойынша жұмсалған шығынның жалпы әсері 6.659 миллион теңге болды, ол сату үшін қолда бар инвестицияларды қайта бағалау резервінен жиынтық кіріс туралы есепте шығын құрамында қайта жіктелді.

Сондай-ақ ҚКБ бағалы қағаздарын сату нәтижесінде Қор 6.169 миллион теңге мөлшерінде сатудан болған шығынды таныды.

11. ӨЗГЕ ДЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

Басқа да ұзақ мерзімді активтерге мыналар жатады:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	23.118	17.374
Сатуға арналған жылжымайтын мүлік	833	1.717
Басқасы	7.183	7.040
Минусы: құнсыздану резерві	–	(471)
	31.134	25.660

Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Өтемұратов мырзаның ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі мынадай банктердің акциялары үшін мерзімі ұзартылған төлемдердің дисконтталған құнында көрсетілген:

- «Темірбанк» АҚ акциялары үшін 2019 жылғы 15 мамырға дейін 17.727 миллион теңге мөлшерінде (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 13.391 миллион теңге);
- «Альянс Банк» АҚ акциялары үшін 2020 жылғы 3 наурызға дейін 5.391 миллион теңге мөлшерінде (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 3.983 миллион теңге), тиісінше.

Өзгесі

Қор 2014 жылғы 5 мамырда «АУТ Housing Complex» (Айт Хаузинг Кешен) ЖШС берген қарыздар бойынша берешекті өтеу есебіне Алматы қаласындағы тұрғын үй кешендерінен жылжымайтын мүлік түрінде мүлікке ие болды. Жылжымайтын мүліктің барлығы Қордың атынан жылжымайтын мүлікті өткізу агенті болып табылатын Жылжымайтын мүлік қоры еншілес ұйымының сенімгерлік басқаруына берілді. Басқа да ұзақ мерзімді активтерге бұл жылжымайтын мүлік үшін төлемдерді төлеу бойынша дебиторлық берешек сомасы кіреді және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 6.791 миллион теңгені құрайды (2016 жылғы 31 желтоқсанға: 6.568 миллион теңге).

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**12. ӨЗГЕ ДЕ АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР**

31 желтоқсанда басқа да ағымдағы активтерге мыналар кірді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
«БТА Банкі» АҚ акцияларының сатылғаны үшін дебиторлық берешек	29.397	76.751
«Delta Bank» АҚ мен «Қазинвестбанк» АҚ депозиттері	18.556	–
Алынуға жататын дивидендтер	16.426	16.600
Басқа да дебиторлық берешек	11.137	7.614
Басқасы	997	1.986
Минусы: құнсыздану резерві	(24.405)	(4.600)
	52.108	98.351

Құнсыздану резервіндегі өзгерістер былайша көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
1 қаңтарда	4.600	3.821
Бір жылға есептеу	12.207	779
Кредиттік мекемелердегі қаражаттан қайта жіктеу (9-ескертпе)	7.598	–
31 желтоқсанда	24.405	4.600

«БТА Банкі» АҚ акцияларының сатуға дебиторлық берешек

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «БТА Банкі» АҚ акцияларын сату үшін берешек 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін өтеу мерзімімен Рақышев мырзадан 29.397 миллион теңге мөлшеріндегі берешек түрінде көрсетілген.

2017 жылғы 29 маусымда К. Рақышев мырза 3.325 миллион теңге мөлшеріндегі дебиторлық берешекті ішінара өтеді.

2017 жылғы 1 шілдеде ҚКБ «БТА Банкі» АҚ акциялары үшін 41.075 миллион теңге мөлшерінде қысқа мерзімді дебиторлық берешекті өтеді.

«БТА Банкі» АҚ-ның 6.811 миллион теңге жалпы сомасына «БТА Банкі» АҚ-ның акциялары үшін берешегі 2017 жылғы мамыр-маусым айларында бірнеше траншпен өтелді.

13. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

31 желтоқсанда ақша қаражаты мен оның баламалары мыналарды қамтыды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Банктердегі ағымдағы шоттар, теңгемен	198.300	130.295
Екінші деңгейдегі банктердегі мерзімді депозиттер, теңгемен	106.874	76.197
Ұлттық банктегі мерзімді депозит, теңгемен	27.001	27.001
Банктерде АҚШ долларында және өзге шетел валюталарында ағымдағы шоттар	20.121	335
Банктердегі ағымдағы шоттар, еуроға	2.281	2.718
	354.577	236.546

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы шоттар бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме жылдық 0,0001% (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 0,001%), екінші деңгейдегі банктердегі мерзімді депозиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме жылдық 8,91% (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 11,93%) болды.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**14. КАПИТАЛ****Жарғылық капитал**

2016 және 2017 жылдар ішінде Қор ақы төлеу мынадай түрде жүзеге асырылған жай акциялардың эмиссиясын жүргізді:

Акцияларға ақы төлеу	Шығаруға рұқсат етілген және шығарылған акциялардың саны	Бір акцияның номиналды құны, теңге	Жарғылық капитал, миллион теңгемен
2015 жылғы 31 желтоқсанға	3.481.667.508		4.916.269
Ақша қаражатымен төленген жарналар	3.000	36.400.000; 20.000.000; 81.523.000	137.923
Мүлік жарналары	250	17.862.160	4.466
2016 жылғы 31 желтоқсанға	3.481.670.758		5.058.658
Ақша қаражатымен төленген жарналар	1.577	16.852.000; 100.000.000	74.552
Мүлік жарналары	265.983	1.000	266
2017 жылғы 31 желтоқсанға	3.481.938.318		5.133.476

2017 жылғы 31 желтоқсанда Қордың 3.481.938.318 акциясы толығымен төленді (2016 жылы: 3.481.670.758 акция).

2017 жыл*Ақша қаражатымен төленген жарналар*

2017 жылы Акционер 74.552 миллион теңге мөлшеріндегі ақша қаражатымен Қордың жарғылық капиталына жарналарды жүзеге асырды. Осы қаражат Қордың еншілес ұйымдары ҚТЖ мен БХК жүзеге асыратын жобаларды қаржыландыруға арналған (6-ескертпе).

Мүлік жарналары

2017 жылғы 18 наурызда Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қордың жарғылық капиталына мүліктік салым күйінде 266 миллион теңге мөлшерінде жарна жасады. Бұл мүлік «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ еншілес ұйымының жарғылық капиталына берілді (6-ескертпе).

Акционермен болатын операциялар

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі Кеңестің 2017 жылғы 7 тамыздағы шешіміне сәйкес Қор «Нұрлы Жер» Мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасы шеңберіндегі 21.100 миллион теңге мөлшеріндегі келісімшарт жасалмаған қаражатты «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдинг» АҚ-ның облигацияларын сатып алуға бағыттады. Номиналдық құн мен әділ құн арасындағы 10.684 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепте Акционермен Операциялар ретінде танылды (8-ескертпе).

2016 жыл*Ақша қаражатымен төленген жарналар*

2016 жылы Акционер 137.539 миллион теңге мөлшеріндегі ақша қаражатымен Қордың жарғылық капиталына жарналарды жүзеге асырды. Осы қаражат Қордың еншілес ұйымдары жүзеге асыратын жобаларды қаржыландыруға арналған.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**14. КАПИТАЛ (жалғасы)****Акционермен болатын операциялар (жалғасы)****2016 жыл (жалғасы)***Мүлік жарналары*

2016 жылғы мамырда Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қордың жарғылық капиталына «Атырау облысында бірінші интеграцияланған газ-химия кешенінің инфрақұрылымын салу» инвестициялық стратегиялық жобасын іске асыру кезінде туындаған газ-турбиналы электр станциясының жобалық-сметалық құжаттамасы түріндегі мүліктік салым нысанында 4.466 миллион теңге мөлшерінде салымды жүзеге асырды. Бұл мүлік БХК еншілес ұйымының жарғылық капиталына берілді.

Дивидендтер

2017 жылғы 21 қарашада Қор Үкіметтің 2016 жылғы 13 қарашадағы қаулысына сәйкес 2017 жылдың қорытындылары бойынша 11.899 миллион теңге (2016 жылы: 10.393 миллион теңге) мөлшерінде Акционерге дивидендтер төлеуді жүзеге асырды.

Акционерге өзге де бөлу

2017 жылы Акционердің өкімдеріне сәйкес Қор жалпы сомасы 54.419 миллион теңгеге (2016 жылы: 39.525 миллион теңге) әртүрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Бұл міндеттеме капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепте Акционерге өзге де бөлулер ретінде танылды (17-ескерте).

Акциялардың баланстық құны

ҚҚБ Биржа кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есептік күнгі бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректер болуға тиіс.

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Активтер жиыны	7.343.636	7.349.837
Материалдық емес активтер	(16.675)	(13.960)
Міндеттемелер жиыны	(1.937.603)	(2.081.801)
Жай акциялар үшін таза активтер	5.389.358	5.254.076
31 желтоқсандағы жай акциялардың саны	3.481.938.318	3.481.670.758
Бір жай акцияның баланстық құны, теңге	1.548	1.509

15. ҚАРЫЗДАР

31 желтоқсанда қарыздар, оның ішінде төленетін сыйақы мыналарды қамтыды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Алынған қарыздар	755.779	689.374
Өзге де ұйымдар шығарған, сатып алған облигациялар	310.638	357.477
Шығарылған, еншілес ұйымдар сатып алған облигациялар		
ҚМГ	18.346	42.624
- «Самұрық-Энерго» АҚ	504	223
Қарыздардың жалпы сомасы	1.085.267	1.089.698
12 ай бойы өтеуге жататын соманы шегергенде	(507.892)	(88.342)
12 айдан кейін өтеуге жататын сомалар	577.375	1.001.356

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**15. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)**

Қарыздар келесі валюталармен көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Теңгемен көрсетілген қарыздар	587.956	592.642
АҚШ долларымен көрсетілген қарыздар	497.311	497.056
	1.085.267	1.089.698

Алынған қарыздар*ҚМГ-дан пайызсыз қарыз*

2015 жылы Қор мен ҚМГ пайызсыз қарыз шартын жасасты, соған сәйкес 2015-2016 жылдары Қор 240.838 миллион теңге жалпы сомаға қарыз алды. Қарыз «KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК жарғылық капиталын ұлғайту бойынша Қордың міндеттемелерін қаржыландыру және «KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК акцияларын сатып алу үшін Қордың тартқан қарыз шарттары бойынша Қордың шығыстарын өтеу мақсатында алынды.

2016 жылғы 30 мамырда қарыз шартына қосымша келісімге қол қойылды, соған сәйкес қарыз сомасы 700.000 миллион теңгеге дейін ұлғаюы мүмкін, қарызды қайтару мерзімі 2018 жылдың 25 желтоқсанына дейін ұзартылды. Қарызды қайтару және Шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға KMG Kashagan B.V. акциялары Қордан кері сатып алынған сәттен жол беріледі. Қарыз қамтамасыз етуді, комиссиясыз, нөлдiк сыйақы мөлшерлемесiмен берiлдi. 2018 жылғы 1 қаңтардан кейiн «KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК акцияларын Қордан керi сатып алу кезiнде ҚМГ-ға немесе Cooperative KazMunaiGaz U.A. компаниясына қойылатын қарсы талаптарды есепке алудың өзге жолынан басқа, Қор қарызды өтеудi жүзеге асырады.

2017 жылы Қор ҚМГ-ден 47.020 миллион теңге мөлшерiнде қосымша транштар алды, әрi олар Қордың купондық облигациялар бойынша мiндеттемелерiн өтеуге бағытталды. 5.719 миллион теңге мөлшерiнде транштардың берiлу күнгi қарыздың номиналды құны мен әдiл құны арасындағы айырма жиынтық кiрiс туралы жеке есепте қаржылық кiрiс ретiнде танылды.

2017 жылғы 31 желтоқсанда негiзгi борыштың жалпы баланстық сомасы 29.390 миллион теңге мөлшерiндегi дисконтты шегере отырып 258.468 миллион теңгенi құрады (2016 жылғы 31 желтоқсан: 192.318 миллион теңге). 2017 жылғы 31 желтоқсанда бұл қарыз Қор мен ҚМГ-ның қаржылай көмек шарты мерзiмiн ұзарту ниетiне орай алынған ұзақ мерзiмдi қарыздар ретiнде жiктелдi.

Tokyo-Mitshubishi UFJ, LTD Банкінің қарызы

2015 жылғы 30 қазанда Қор «KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК акцияларының 50%-ын сатып алу үшін 1.500 миллион АҚШ доллары (төлем күнгі бағам бойынша 466.350 миллион теңгеге баламалы) сомасына Tokyo-Mitshubishi UFJ, LTD Банкімен қарыз келісiмiн жасасты (бұдан әрi - Қарыз туралы келісiм).

2017 жылғы 31 желтоқсанда негiзгi борыш пен төленетiн сыйақының жалпы сомасы 497.311 миллион теңгенi құрады (2016 жылғы 31 желтоқсан: 497.056 миллион теңге). Қарыз 1,8% + 6 айлық Libor жылдық мөлшерлемесiмен 3,5 жыл жеңiлдiктi кезеңмен 5 (бес) жыл мерзiмге берiлдi.

Қор Tokyo-Mitsubishi UFJ, LTD Банкінен алған қарызға 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сақталған қаржы ковенанты кiредi.

Оған қоса, Қарыз туралы келісiм бiрқатар жалпы мiндеттемелер мен шектеулердi қамтиды. ҚМГ Қашаған Б.В. акцияларына шектеулердiң салынуы (28-ескерту) Қордың немесе нарықтық құны \$100 миллион АҚШ долларынан (немесе оның кез келген басқа валютадағы баламасы) асатын елеулi еншiлес ұйымының кез келген активтерiн қамқамға алуға тыйым салуға және ұзақтығы 40 күннен асатын мұндай мәселелер бойынша iстерге қатысты Қарыз туралы келісiмнің талаптарына сәйкес келмейдi. Осыған орай, Қор 494.462 миллион теңге сомаға Tokyo-Mitsubishi Банкі алдындағы берешектiң барлық сомасын қысқа мерзiмдi мiндеттемелердiң құрамына қайта жiктедi. 2018 жылғы 7 наурызда Қор Tokyo-Mitsubishi Банкінен бұл құқық бұзушылық бойынша босату-хатын алды. Осылайша, 2018 жылғы 7 наурыздан бастап Қор бұл қарыз бойынша мiндеттемелердi ұзақ мерзiмдi мiндеттемелерге қайта жiктелдi.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**15. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)****Алынған қарыздар (жалғасы)**

ҚТЖ тобының ішкі қарыздарын қайта қаржыландыру мақсатында шығарылған облигациялар

2017 жылғы тамызда Қор 10,5% купондық сыйақымен, номиналды құны 25 миллиард теңгені құрайтын облигацияларды орналастырды. 25 миллиард теңге мөлшерінде тартылған қаражат толық көлемде ҚТЖ облигацияларын сатып алуға жұмсалды.

2017 жылғы 31 желтоқсанда облигациялар мен төленуге жататын есептелген сыйақының баланстық құны 26.079 миллион теңгені құрады.

«KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК акцияларының сатып алынуын қаржыландыру мақсатында шығарылған облигациялар

2015 жылы Қор нарықтың барлық қатысушылары үшін ашық болатын мамандандырылған сауда-саттықты өткізу әдісімен 6% купондық сыйақымен, номиналды құны 210 миллиард теңге және 2020 жылдың 13 наурызына дейін өтеу мерзімімен жылдық 8% мөлшерінде өтелуге жататын кірістілікпен облигацияларды орналастырды. Облигацияларды орналастыру нәтижесінде Қор іс жүзінде 197 миллиард теңгені тартты. Осы қаражат «KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК акцияларын сатып алуды қаржыландыруға ішінара жіберілді.

2017 жылғы 31 желтоқсанда облигациялар мен төленуге есептелген сыйақының баланстық құны 205.138 миллион теңгені құрады (2016 жылғы 31 желтоқсан: 202.307 миллион теңге).

Шығарылған басқа да облигациялар

2010 жылы Қор еркін нарықта жалпы сомасы 75.000 миллион теңгеге облигацияларды орналастырды. Облигациялардың жылдық купон мөлшерлемесі 6,5%, өтелу мерзімі – 10 жыл. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл облигациялар мен төленуге тиіс сыйақының баланстық құны 76.333 миллион теңгені құрады (2016 жылғы 31 желтоқсан: 76.332 миллион теңге).

2011 жылы Қор еркін нарықта 7 жыл өтеу мерзімімен және жылдық 5,9% купон сыйақысымен жалпы сомасы 75.000 миллион теңгеге облигацияларды орналастырды.

2017 жылғы 3 қазанда Қор облигациялар бойынша міндеттемелерді жалпы сомасы 74.995 миллион теңгеге мерзімінде өтеді.

Еншілес ұйымдар шығарған және сатып алған облигациялар

2009 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ») 35 жыл өтеу мерзімімен және жылдық 4% купон сыйақысымен жалпы сомасы 111 миллиард теңгеге Қордың облигацияларын сатып алды. Осы облигациялар мәміле жасалған күні қолданылған нарықтық пайыздық мөлшерлемеге шамамен тең келетін 12,5% мөлшерлеме бойынша дисконтталған.

2017 жылғы 25 желтоқсанда облигациялардың екінші шығарылымының проспектісіне пайыздық мөлшерлемені номиналды құнының 4%-нан бастап 0,5% дейін азайту бойынша өзгерістер енгізілді. Бұл облигациялар 10% мөлшерлемесі бойынша дисконтталды, осыған орай Қор 24.569 миллион теңге мөлшеріндегі қаржылық міндеттемені дисконттаудан болған кірісті пайыздық кірістердің құрамында таныды (19-ескерту).

16. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАРЫЗДАРЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарына мыналар жатады:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	2016 жылғы 31 желтоқсан
Ұлттық қордың қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар	719.410	796.273
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар	–	62.101
Үкіметтен алынған өзге де қарыздар	62.638	60.037
Қазақстан Республикасы Үкіметі қарыздарының жалпы сомасы	782.048	918.411
Минусы: ағымдағы бөлік	(5.907)	(6.231)
Ұзақ мерзімді бөлік	776.141	912.180

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**16. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАРЫЗДАРЫ (жалғасы)****2017 жыл**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар

2017 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, «Самұрық-Қазына» АҚ, «Проблемалы кредиттер қоры» АҚ, «Казкоммерцбанк» АҚ, «БТА Банкі» АҚ, «Қазақстанның Халық банкі» АҚ және К.Х.Ракишев мырза арасындағы Негіздемелік келісімнің талаптарына сәйкес «БТА Банкі» АҚ 2017 жылғы 3 шілдеде «Самұрық-Қазына» АҚ-ның алдында 239.771 миллион теңге сомаға қарызды мерзімінен бұрын өтеді (9-ескерпне). Негіздемелік келісімде Қордың бұл қаражат есебінен Ұлттық банк алдында ағымдағы міндеттемелерді одан әрі өтеу міндеттемесі көрсетілді.

Осыған орай, Қордың корпоративтік шешімдеріне сәйкес мыналар өтелді:

- 2017 жылғы 5 шілдеде Ұлттық банк сатып алған Қор облигацияларының сегізінші шығарылымының шеңберінде 70.196 миллион теңге сомаға облигациялардың номиналды құны бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын толық өтеу;
- 2017 жылғы 15 тамызда Ұлттық банк Ұлттық қордың есебінен сатып алған Қор облигацияларының жетінші шығарылымының шеңберінде 73.000 миллион теңге сомаға облигациялардың номиналды құны бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын толық өтеу;
- 2017 жылғы 15 тамызда Ұлттық банк Ұлттық қордың есебінен сатып алған Қор облигацияларының оныншы шығарылымының шеңберінде 96.575 миллион теңге сомаға облигациялардың әділ құны бойынша міндеттемелерді ішінара сатып алу.

Ұлттық банк алдындағы міндеттемелердің жоғарыда аталған мерзімінен бұрын өтелуіне орай Қор 79.449 миллион теңге мөлшерінде дисконт амортизациясын жиынтық кіріс туралы жеке есепте пайыздық шығыстар құрамында таныды.

2016 жыл

Ұлттық қордың активтері есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар

2016 жылғы мамырда жылдық 0,1% мөлшеріндегі жыл сайынғы купонмен және он жылдық өтеу мерзімімен 97.000 миллион теңге сомаға облигациялар орналастырылды. Облигациялар Қордың еншілес ұйымы Жылжымайтын мүлік қоры арқылы «Нұрлы Жер» Мемлекеттік инфрақұрылымды дамыту бағдарламасының аясында төмен пайыздық мөлшерлемелермен құрылыс компанияларын қаржыландыру мақсатында орналастырылды.

Алынған қаражаттың әділ құны облигацияларды орналастыру күні 44.681 миллион теңгені құрады. 52.319 миллион теңге мөлшеріндегі облигациялардың номиналды құны мен әділ құны арасындағы айырма 10.787 миллион миллион теңге мөлшерінде ұзақ мерзімді бөлікті және 41.532 миллион теңге мөлшерінде қысқа мерзімді бөлікті бөле отырып басқа міндеттемелер құрамында танылды. Бұл айырма «Нұрлы Жер» Мемлекеттік инфрақұрылымды даму бағдарламасының шеңберінде Жылжымайтын мүлік қоры мен «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдинг» АҚ-на қарыздарды беру кезінде пайда немесе зияндар арқылы амортизациялануға жатады (8-ескерпне).

17. ӨЗГЕ ДЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2017 жылы Акционер өкімінің негізінде Қор жалпы сомасы 54.419 миллион теңгеге түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелерді таныды (14-ескерпне).

2017 жылдың ішінде нақты аударылған қаражат 44.094 миллион теңге болды. Осыған сәйкес 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Акционерге бөлу бойынша міндеттемелердің баланстық құнының жалпы сомасы 4.013 миллион теңге мөлшеріндегі ағымдағы міндеттемелерді және 7.553 миллион теңге мөлшеріндегі ұзақ мерзімді міндеттемелерді бөле отырып, 11.566 миллион теңгені құрады.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**17. ӨЗГЕ ДЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)**

Сондай-ақ, 2017 жылғы 31 желтоқсанда Қордың Үкімет қаражатымен байланысты басқа да міндеттемелері бар, олар 11.282 миллион теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 29.193 миллион теңге) құрады. Басқа міндеттемелердің 17.911 миллион теңге мөлшерінде азауы Жылжымайтын мүлік қорына берілген қарыздардың бастапқы танылуы және 3.440 миллион теңге мөлшерінде мемлекеттік субсидиялардан болған кірісті жиынтық кіріс туралы жеке есепте пайыздық кірістердің құрамында тану кезінде 3.090 миллион теңге мөлшерінде дисконттауды есептеу есебінен, сондай-ақ «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдинг» АҚ-на облигациялық қарызды беру нәтижесінде пайда болған және жиынтық кіріс туралы жеке есепте пайыздық кірістердің құрамында көрсетілген 11.381 миллион теңге мөлшеріндегі мемлекеттік субсидиялардан кірісті тану есебінен болды.

18. ҚАРЖЫЛЫҚ КЕПІЛДІКТЕР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

31 желтоқсанға қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелерге мыналар кірді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
1 қаңтарда	34.056	32.498
Жыл ішінде берілген кепілдіктер	12.946	5.371
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер амортизациясы	(6.098)	(3.813)
31 желтоқсанда	40.904	34.056
Минусы: ағымдағы бөлік	(7.461)	(6.098)
Ұзақ мерзімді бөлік	33.443	27.958

Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер өз еншілес ұйымдарының қызметін және қолданыстағы келісімшарттарын қаржыландыру үшін қаржылық мекемелер берген кепілдіктер бойынша Қордың міндеттемелерін білдіреді (*б-ескертпе*). Кепілдіктер шарттарының негізгі бөлігі Қорға төленетін өтемақының болмауы шартымен жасалған. 2017 жылғы 31 желтоқсанда берешектің жалпы кепілдікті сомасы 2.204 миллион АҚШ долларын, 45.188 миллион теңгені және 2.589 миллион ресей рублін (2016 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше 2.125 миллион АҚШ доллары, 40.398 миллион теңге және 2.589 миллион ресей рублі) құрайды.

19. ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін пайыздық кірістерге мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
Берілген қарыздар бойынша дисконт амортизациясы	143.736	27.882
Қарыздар бойынша сыйақы	36.481	45.326
Қаржылық міндеттемелерді дисконттау	24.569	–
Облигациялар бойынша сыйақы	530	11
Өзге де	14.821	–
	220.137	73.219

20. ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін пайыздық шығыстарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
Қаржылық міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы	108.322	32.595
Шығарылған облигациялар бойынша сыйақы	57.880	60.888
Алынған қарыздар бойынша сыйақы	18.375	17.192
Бастапқы мойындау кезінде қаржы активтерін дисконттаудан болған шығын	–	5.771
Өзге де	–	581
	184.577	117.027

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**21. ДИВИДЕНДТЕРДЕН ТҮСКЕН КІРІС**

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ	65.849	12.031
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	41.331	53.774
«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ («КЕГОК»)	17.908	5.834
«Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ	5.617	–
«Самұрық-Энерго» АҚ	4.705	2.041
«Қазақтелеком» АҚ	2.254	1.848
«Эйр Астана» АҚ	–	2.642
Өзге де еншілес ұйымдар	1.306	861
	138.970	79.031

22. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін жалпы және әкімшілік шығыстарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
Демеушілік көмек және қайырымдылық	15.000	15.000
Жалақы бойынша шығыстар	3.067	2.362
Кеңес беру (аудиторлық) және ақпараттық шығыстар	2.308	3.670
Есепке алынбаған ҚҚС	2.102	2.069
Салықтар, айыппұлдар және өсімақылар	494	380
Басқасы	11.132	9.889
	34.103	33.370

Демеушілік көмек және қайырымдылық

2017 және 2016 жылдары Қор өзінің Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес қайырымдылыққа жыл сайын 15 миллиард теңге мөлшеріндегі нысаналы трансферттерді бөліп беріп отырды. Қайырымдылыққа арналған нысаналы трансферттер «Самұрық-Қазына Trust» Корпоративтік қоры – бірегей Оператор арқылы іске асырылатын бірқатар жобаны қаржыландыру үшін берілді.

Өзге де

Өзге де шығыстар жалпы сомасы 704 миллион теңге (2016 жылы: 630 миллион теңге) мөлшерінде басқару органының – Директорлар кеңесі мүшелеріне, жалпы сомасы 811 миллион теңге (2016 жылы: 798 миллион теңге) мөлшерінде Халықаралық Консультациялық кеңестің мүшелеріне төленетін сыйақылар бойынша шығыстарды, жалпы сомасы 1.669 миллион теңге (2016 жылы: 737 миллион теңге) мөлшерінде ведомстволық бағынысты ұйымдардың операциялық қызметін қамтамасыз ету үшін қаражатты және Қордың операциялық қызметін қамтамасыз етуге арналған өзге де әкімшілік шығыстарды қоса алғандағы өзге де әкімшілік шығыстарды қамтиды.

23. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін қаржылық кірістерге мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
Банк депозиттері бойынша сыйақы	37.081	45.359
Қаржы активтері бойынша дисконт амортизациясы	13.688	14.541
Қаржылық кепілдіктер бойынша кірістер	6.192	5.616
Алынған қарыздар бойынша дисконт	5.719	51.870
Ағымдағы банк шоттары бойынша сыйақы	86	–
Өзгесі	3.426	453
	66.192	117.839

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**24. ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫСТАР**

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін әкімшілік шығыстарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
ҚМГ-ден алынған қарыз бойынша дисконт амортизациясы	24.850	8.074
Өзгесі	4.703	3.278
	29.553	11.352

25. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдарға табыс салығы бойынша шығыстар мынаны қамтиды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
Төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	9.716	11.510
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығыс	232	3.340
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	—	—
	9.948	14.850

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қорға 20% қолданыстағы ресми мөлшерлеме (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 20%) бойынша корпоративтік табыс салығы салынады.

Бухгалтерлік пайдадан бастап табыс салығының нормативтік мөлшерлемесі бойынша табыс салығын есептегенге дейінгі есептелген табыс салығы бойынша шығыстарды табыс салығы бойынша шығыстарға қатысты салыстыру былайша берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда	155.645	102.000
Табыс салығының ресми мөлшерлемесі	20%	20%
Табыс салығы бойынша теориялық шығыстар	31.129	20.400
Кейінге қалдырылған салық бойынша танылмаған салық активтеріндегі өзгеріс	10.776	11.047
Өткен жылдардың түзетуі	—	3.035
Салық салынбайтын дивидендтерден түскен кіріс	(27.794)	(15.806)
Берілген қарыздар және кредиттік мекемелердегі қаражат бойынша резервтер	5.438	2.888
Дисконттау және қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы	(13.442)	(9.094)
Демеушілік көмек шығыстары	3.000	3.000
Қаржылық кепілдіктер бойынша кірістер	(1.220)	(1.238)
Басқа да тұрақты айырмалар	2.061	618
Жиынтық кіріс туралы жеке есепте көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	9.948	14.850

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**25. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)**

Активтер мен міндеттемелерді есептеу үшін салық негізі мен жеке қаржылық есептілікте көрсетілген сома арасындағы уақытша айырмаларға қатысты есептік күндерде қолданылған, заңмен белгіленген салық мөлшерлемелерін қолдану арқылы есептелген кейінге қалдырылған салық сальдосы мыналарды қамтиды:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
Кейінге қалдырылған салық активтері		
Сыйақы күйіндегі кірістен төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығы сомасының есептелген корпоративтік табыс салығының сомасынан асуы	44.562	34.846
Ауыстырылатын салық шығындары	1.060	–
Негізгі құралдар	2	–
Басқа да міндеттемелер	24	28
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша танылмаған активтер	(45.622)	(34.846)
Кейінге қалдырылған салық активтері	26	28
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері		
Басқа да дебиторлық берешек	(264)	–
Негізгі құралдар	–	(34)
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	(264)	(34)
Кейінге қалдырылған салық активтері (міндеттемелер)	(238)	(6)

Кейінге қалдырылған салық активтері/міндеттемелер болашақта соған қатысты актив пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайданың болу ықтималдығы бар дәрежеде ғана танылады. Кейінге қалдырылған салық активтері/міндеттемелері олармен байланысты салық жеңілдіктері жүзеге асырылатындығының ықтималдылығы жоқ дәрежеде азаяды.

26. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

Байланысты тараптар Қор тобының компанияларын және Үкімет бақылайтын өзге де компанияларды, Қордың негізгі басқарушы персоналын, өзге де байланысты тараптарды қамтиды. Байланысты тараптармен жасалған мәмілелер байланысты және үшінші тарапқа қолданылатын тарифтер шартымен ұсынылатын, кейбір реттелетін қызметтерді есепке алмағанда, міндетті түрде нарық мөлшерлемесі бойынша емес жүзеге асырылған, тараптар арасында келісілген шарттармен өткізілді.

Мына кестелерде 2017 және 2016 жылдар ішінде байланысты тараптармен жасалған мәмілелердің жалпы сомалары және 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы тиісті сальдо келтірілген :

<i>Миллион теңгемен</i>		Байланысты тараптардың берешегі	Байланысты тараптардың берешегі	Ақша қаражаты мен байланысты тараптарда орналастырылған депозиттер
Еншілес ұйымдар	2017 жылғы 31 желтоқсан	406.696	299.171	3.254
	2016 жылғы 31 желтоқсан	410.573	245.282	–
Қауымдасқан компаниялар және еншілес ұйымдардың бірлескен кәсіпорындары	2017 жылғы 31 желтоқсан	8.244	–	–
	2016 жылғы 31 желтоқсан	14.941	–	–
Мемлекет бақылайтын өзге кәсіпорындар	2017 жылғы 31 желтоқсан	283.375	889.866	243.826
	2016 жылғы 31 желтоқсан	268.763	1.072.374	156.423

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**26. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР (жалғасы)**

<i>Миллион теңгемен</i>		Дивиденд- терден түскен кіріс	Байланысты тараптардан сатып алу	Байланысты тараптарға сатудан түскен кіріс
Еншілес ұйымдар	2017 жыл	138.970	46.421	48.886
	2016 жыл	79.031	4.389	2.204
Қауымдасқан компаниялар және еншілес ұйымдардың бірлескен кәсіпорындары	2017 жыл	–	–	–
	2016 жыл	–	–	–
Мемлекет бақылайтын өзге де кәсіпорындар	2017 жыл	–	–	–
	2016 жыл	–	–	–

<i>Миллион теңгемен</i>		Байланысты тараптарға есептелген сыйақы	Байланысты тараптарға есептелген сыйақы	Байланысты тараптарға есептелген қаржы кірістері	Байланысты тараптарға есептелген қаржы шығыстары
Еншілес ұйымдар	2017 жыл	41.150	4.741	6.933	24.850
	2016 жыл	25.053	4.757	52.795	8.074
Қауымдасқан компаниялар және еншілес ұйымдардың бірлескен кәсіпорындары	2017 жыл	592	–	–	–
	2016 жыл	876	–	–	–
Мемлекет бақылайтын өзге де кәсіпорындар	2017 жыл	34.624	5.196	143.148	–
	2016 жыл	20.300	79.063	5.014	1.702

2017 және 2016 жылдар ішінде байланысты тараптармен жасалған мәмілелердің болмысы жеке қаржылық есептілікке тиісті ескертпелерде көрсетілген.

Қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы жеке есептегі жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған негізгі басқарушы персоналға төленген жалпы сыйақы сомасы тиісінше 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы 1.244 миллион теңгені (2016 жылы: 923 миллион теңге) құрады. Көрсетілген сомалар 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы жалпы сомасы 541 миллион теңге (2016 жылы: 293 миллион теңге) мөлшерінде атқарушы орган – Басқарма мүшелеріне төленген сыйақыны қамтиды. Атқарушы органның мүшелеріне төленген сыйақы салықтар мен зейнетақы аударымдарын және бір жылғы жұмыс нәтижелері бойынша өзге де төлемдер ескерілген, жалақы бойынша шығыстардан тұрады.

27. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Қордың негізгі қаржылық міндеттемелерінің құрамына кредит мекемелерінен және Үкіметтен алынған қарыздар, шығарылған облигациялар, қаржы кепілдіктері және өзге де кредиторлық берешек кіреді. Көрсетілген қаржы құралдары, ең бастысы, Қордың операцияларына қаржыландыру тарту үшін пайдаланылады. Қордың қаржылық активтерінің құрамына еншілес ұйымдар мен кредит мекемелері берген қарыздар, банктік депозиттер, өзге де қаржылық активтер, өзге де дебиторлық берешек, сатып алынған облигациялар мен мемлекеттік бағалы қағаздар, оның тікелей операциялық қызметі нәтижесінде пайда болатын ақша және олардың баламалары кіреді.

Қор нарық тәуекеліне, пайыздық мөлшерлемелерге байланысты тәуекелге, кредит тәуекеліне, валюта тәуекеліне және өтімділік тәуекеліне ұшырауы мүмкін.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**27. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Пайыздық мөлшерлемелермен байланысты тәуекел**

Сыйақы мөлшерлемелерімен байланысты тәуекел нарықтағы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы құнының құбылу тәуекелін білдіреді.

Қордың сыйақы мөлшерлемелеріне байланысты тәуекелге ұшырауы негізінен құбылмалы пайыз мөлшерлемесімен Қор алған қарызға жатқызылады (15-ескертпе).

Мына кестеде Қордың салық салынғанға дейінгі пайдасының пайыздық мөлшерлемелердегі ықтимал өзгерістерге сезімталдығы берілген, бұл ретте барлық басқа параметрлер тұрақты шамалар ретінде алынды. Қордың капиталына ықпал еткен жоқ.

Миллион теңгемен	Базистік тармақтардағы ұлғаю/ азаю	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
2017 жыл		
АҚШ Доллары	+0,7	(3.461)
	-0,08	378
2016 жыл		
АҚШ Доллары	+0,6	(2.967)
	-0,08	396

Кредиттік тәуекел

Қордың қаржы құралдарымен болған шарттардың талаптарын контрагенттердің орындамауы нәтижесінде пайда болған кредиттік тәуекел, әдетте, контрагенттер міндеттемелерінің шамасы осы контрагенттердің алдындағы Қордың міндеттемелерінен асып кеткен жағдайлар болған кезде, сомалармен шектеледі.

Қордың саясаты кредитке қабілетті бірқатар контрагенттермен қаржы құралдарымен операциялар жасауды көздейді. Кредиттік тәуекелге бейімділіктің ең жоғарғы шамасы әрбір қаржы активінің баланстық құнына тең. Қор өзінің ең жоғары тәуекел шамасы есепті күні көрсетілген құнсыздануға арналған резервтерді шегере отырып берілген қарыздардың (8-ескертпе), кредит мекемелеріндегі қаражаттардың (9-ескертпе), өзге де қаржы активтерінің (10-ескертпе), өзге де ағымдағы активтердің (12-ескертпе) сомасында және ақша қаражаты мен оның баламаларында (13-ескертпе) көрсетіледі деп санайды.

Кредиттік тәуекелдің жинақталуы оларға қатысты экономикалық жағдайлардың немесе өзге де жағдайлардың өзгеруі олардың өз міндеттемелерін орындау қабілетіне бірдей әсер етеді деп күтуге негіз бар бір қарыз алушының немесе қызмет жағдайлары ұқсас қарыз алушылар тобы берешегінің бірнеше сомасы болған кезде туындауы мүмкін.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі Қордың өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін қаражат тарту кезіндегі қиындықтарға ұшырау мүмкіндігіне байланысты. Өтімділік тәуекелі қаржы активін оның әділ құнына жақын болатын құн бойынша шұғыл түрде өткізе алмауының нәтижесінде туындауы мүмкін.

Өтімділікке қойылатын талаптар тұрақты түрде бақыланып отырады және Қор басшылығы міндеттемелердің пайда болуына қарай оларды орындау үшін жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қадағалап отырады.

Мына кестеде 2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша осы міндеттемелерді өтеу мерзімдері бөлінісінде Қордың қаржылық міндеттемелері бойынша дисконтталмаған шарттық төлемдер туралы ақпарат берілген.

Миллион теңгемен	1 айға дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1-ден 5 жылға дейін	>5 жыл	Жиыны
2017 жылғы 31 желтоқсанда						
Қарыздар	–	10.062	315.507	849.317	275.081	1.449.967
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	13	24	29.026	171.752	2.474.807	2.675.622
Қаржылық кепілдіктер	22.126	–	31.543	505.760	227.434	786.863
Басқа да міндеттемелер	–	–	3.323	9.970	–	13.293
Жиыны	22.139	10.086	379.399	1.536.799	2.977.322	4.925.745

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**27. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Өтімділік тәуекелі (жалғасы)**

<i>Миллион теңгемен</i>	1 айға дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1-ден 5 жылға дейін	>5 жыл	Жиыны
2016 жылғы 31 желтоқсанда						
Қарыздар	4.440	7.313	97.732	987.731	330.642	1.427.858
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	13	24	35.640	189.319	2.827.145	3.052.141
Жиыны	4.453	7.337	133.372	1.177.050	3.157.787	4.479.999

Валюталық тәуекел

Банктердегі шетел валютасындағы ағымдағы шоттардан басқа, Қор шетелдік валютада ұзақ мерзімді кредиттер мен қарыздардың қомақты сомасын тартады әрі береді, сондықтан да валюта тәуекеліне ұшырауы ықтимал.

Мына кестеде табыс салығы есептелгенге дейінгі Қор пайдасының/(шығынының) (ақша активтері мен міндеттемелердің әділ құнындағы ықтимал өзгерістердің салдары) барлық өзге де параметрлер өзгермейтін жағдайдағы шетелдік валюталардың айырбас бағамдарындағы ықтимал өзгерістерге сезімталдығына талдау берілген. Қордың капиталына ықпал еткен жоқ.

<i>Миллион теңгемен</i>	Айырбастау бағамда- рындағы ұлғаю/(кему)	Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі шығынға/ пайдаға әсері
2017 жыл		
Еуро	13,5% (9,5%)	289 (203)
АҚШ Доллары	10,00% (10,00%)	(28.522) 28.522
2016 жыл		
Еуро	15,00% (15,00%)	402 (402)
АҚШ Доллары	13,00% (13,00%)	(37.359) 37.359

Капиталды басқару

Мүдделі тараптардың үздіксіз қызметі мен олар үшін пайданы барынша көбейту мақсатында капиталдың жеткілікті болуының қалыпты деңгейі мен тұрақты кредитке қабілеттілікті қамтамасыз ету капиталды басқарудың негізгі мақсаты болып табылады. Қор капиталды басқарады және экономикалық жағдайлардағы өзгерістерді ескере отырып, оның құрылымы мен көлеміне өзгерістер енгізеді. Капиталдың оңтайлы құрылымын қолдау үшін Қор акциялар шығаруы және қарыз қаражатын тартуы мүмкін.

Қордағы капиталды басқару қызметті кейіннен қаржыландыру үшін оңтайлы ұтымды талаптармен ақша ресурстарын тарту, сондай-ақ Қордың алдына қойылған стратегиялық міндеттерді шешу үшін оларды инвестициялау арқылы жүзеге асырылады. Капиталды басқару процесі капитал нарығындағы ағымдағы жағдайларға тұрақты түрде мониторинг жүргізуді, қарыз капиталының құнын және капиталдың әрбір класына байланысты тәуекелдерді де қамтиды.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**27. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Капиталды басқару (жалғасы)**

Қор капиталына қатысты Басшылық шекті коэффициенті – қарыз капиталының меншікті капиталына қатынасын белгіледі, оның мәні 4:1 пропорциядан аспауға тиіс. Осы шекті коэффициент есепті кезең ішінде және есепті күнгі жағдай бойынша бұзылмады. Борышты басқару саясатына сәйкес Қор қарыз қаражатының құнына қарыздарды тарту нәтижесінде пайда болған міндеттемелердің әділ құнының, борыштық бағалы қағаздар шығарылымының, қаржылық жалдау, туынды қаржы құралдарын сатып алу не сату сомаларын, және ҚЕХС-қа сәйкес ұзақ мерзімді активтерді сатып алу төлемдері бойынша кейінге қалдыруларды, сондай-ақ заңды тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдік берілген негізгі борыштың номиналды сомаларын қосады.

Кестеде 31 желтоқсандағы қарыз капиталының меншікті капиталға қатынасының мәні берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жыл	2016 жыл
Жарғылық капитал	5.133.476	5.058.658
Резервтер	(1.498)	4.018
Жинақталған пайда	274.055	205.360
Капитал жиыны	5.406.033	5.268.036
Қарыз қаражаты мен қаржылық кепілдіктердің жиыны	2.654.177	2.770.926
Активтер жиыны	7.343.636	7.349.837
Меншікті капиталға қарыз капиталының қатынасы	0,5	0,5

Әділ құнды бағалау көздерінің иерархиясы

Қор бағалау модельдері бөлінісінде қаржы құралдарының әділ құнын белгілеу және ол туралы ақпаратты ашып көрсету үшін мына иерархияны пайдаланады:

- 1-деңгей: ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықтардағы бағалар.
- 2-деңгей: барлық шығыс деректері көрсетілетін әділ құнына айтарлықтай әсер ететін басқа да әдістер нарықта тікелей немесе жанама байқалады;
- 3-деңгей: бақыланатын нарықтық ақпаратқа негізделмейтін әділ құнды көрсетуге біршама әсер ететін бастапқы деректерде қолданылатын әдістер.

Бұдан әрі жеке бухгалтерлік баланста әділ құны бойынша көрсетілетін Қордың барлық қаржы құралдарының ағымдағы (баланстық) құны мен әділ құнының санаттары бойынша салыстыру берілген :

<i>Миллион теңгемен</i>	2017 жылғы 31 желтоқсан	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Әділ құны бойынша ескерілетін активтер				
Сату үшін қолда бар қаржы активтері (10-ескертпе)	1.164	1.164	–	–

<i>Миллион теңгемен</i>	2016 жылғы 31 желтоқсан	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
Әділ құны бойынша ескерілетін активтер				
Сату үшін қолда бар қаржы активтері (10-ескертпе)	25.431	25.431	–	–

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**27. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Қаржы құралдарының әділ құны**

2017 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қордың қаржы құралдарының баланстық (ағымдағы) құны төменде келтірілген қаржы құралдарын қоспағанда, олардың әділ құнына негіздемелі жақын болып табылады:

Миллион теңгемен	2017 жыл				
	Баланстық құн	Әділ құны	Мыналарды пайдалана отырып әділ құнды бағалау		
			Белсенді нарықтағы баға белгілеулерін (1-деңгей)	Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректерді (2-деңгей)	Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректерді (3-деңгей)
Қаржы активтері					
Кредиттік мекемелердегі қаражат	463.419	448.869	–	448.869	–
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар (8-ескертпе)	599.043	555.486	–	555.486	–
Дебиторлық берешек (11, 12-ескертпелер)	52.515	51.825	–	–	51.825
Қаржылық міндеттемелер					
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар алынған қарыздар/шығарылған облигациялар (15-ескертпе)	587.956	581.851	–	581.851	–
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары (16-ескертпе)	782.048	596.584	–	596.584	–
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер (18-ескертпе)	40.904	43.042	–	43.042	–
Өзге де міндеттемелер	11.167	10.876	–	–	10.876

Миллион теңгемен	2016 жыл				
	Баланстық құн	Әділ құны	Мыналарды пайдалана отырып әділ құнды бағалау		
			Белсенді нарықтағы баға белгілеулерін (1-деңгей)	Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректерді (2-деңгей)	Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректерді (3-деңгей)
Қаржы активтері					
Кредиттік мекемелердегі қаражат	624.051	608.983	–	608.983	–
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар (8-ескертпе)	600.509	553.524	–	553.524	–
Дебиторлық берешек (11, 12-ескертпелер)	94.125	92.174	–	–	92.174
Қаржылық міндеттемелер					
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар алынған қарыздар/шығарылған облигациялар (15-ескертпе)	592.642	571.050	–	571.050	–
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары (16-ескертпе)	918.411	729.061	–	729.061	–
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер (18-ескертпе)	34.056	42.780	–	42.780	–

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**27. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)**

Қаржылық қызметке негізделген міндеттемелердегі өзгерістер

Миллион теңгемен	2017 жылғы 1 қаңтар	Ақша ағындары	Валюта бағамдары- ның өзгеруі	2017 жылы есептелгені	2017 жылғы 31 желтоқсан
Басқа да міндеттемелер	–	(44.094)	1.241	54.419	11.566
Дивидендтерді төлеу берешегі	–	(11.899)	–	11.899	–
Қаржылық қызмет бойынша міндеттемелер жиыны	–	55.993)	1.241	66.318	11.566

28. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**Салық салу**

Қазақстанның салық заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілері тұрақты өзгерістерге ұшырайды және әртүрлі түсіндіріледі. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлерде болатын келіспеушіліктер сирек емес, оған қоса ҚЕХС бойынша қаржылық есептілікте кірістерді, шығыстарды және басқа да баптарды мойындау тәсілдері. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданылатын заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр. Қазақстанның салық салу жүйесінің екіұштылығына орай салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың нақты сомасы, егер олар болса, қазіргі уақытқа дейін шығыстарға жатқызылған және 2017 жылдың 31 желтоқсанына есептелген сомадан асып кетуі мүмкін.

Басшылық 2017 жылғы 31 желтоқсанда қолданылатын заңнаманы түсіндіру лайықты болады және резервтер осы жеке қаржылық есептілікте есептелген немесе ашылып көрсетілген жағдайлардан басқа, Қордың салықтар жөніндегі ұстанымы расталатын ықтималдық бар деп санайды.

Сот істері

Қорға тиесілі Kashaqan B.V. акцияларының қамаққа алынуына орай Қор шағымы бойынша Стати мырзаға және онымен байланысты тараптарға қарсы басталған сот ісі

2017 жылғы 14 қыркүйекте Амстердам к. соты шешімінің негізінде Қордың оған тиесілі ҚМГ Қашаған Б.В. акцияларының 50%-на қатысты құқықтарына бұл акцияларға билік ету бөлігінде шектеу (бұдан әрі – «шектеу») салынды.

Аталған шектеу Стокгольмның Сауда Палатасының Арбитраждық Институтының жанында Арбитраждық трибунал 2013 жылы шығарған Қазақстан Республикасына қарсы Анатолий Статидің, Габриэль Статидің, Ascom Group SA және Terra Raf Trans Trading Ltd. Ісі бойынша арбитраждық шешімнің Нидерландта танылуы және орындалуы бойынша шағымды қамтамасыз ету шеңберінде салынды.

Қор шектеуді алу туралы бастаған аралық істің шеңберінде Амстердам к. соты 2018 жылғы 5 қаңтарда шектеуді сақтап қалу туралы алдын ала шешімді қабылдады. Амстердам к. сотының бұл шешімі Қордың ҚМГ Қашаған Б.В. акцияларына қатысты құқықтарына қандай да бір қосымша шектеуді жүктемейді.

Қазіргі уақытта Қор өз мүдделерін белгіленген тәртіппен қорғау бойынша барлық қажетті шараларды қолға алады және өз құқықтарын қорғауын жалғастырады.

Дағдарысқа қарсы қаражатты қайталама пайдалану бойынша міндеттемелер

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссиясының 2012 жылғы 5 сәуірдегі, 2013 жылғы 7 қазандағы және 2017 жылғы 3 шілдедегі шешімдеріне сәйкес Қор жалпы сомасы 174.954 миллион теңге сомаға бірқатар инвестициялық жобаларды қаржыландыруды жүзеге асыруға тиіс болды.

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

28. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Дағдарысқа қарсы қаражатты қайталама пайдалану бойынша міндеттемелер (жалғасы)

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың игеру міндеттемелеріне 22.434 миллион теңге мөлшерінде «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасын қаржыландыру бойынша Қордың міндеттемелері және 152.520 миллион теңге мөлшерінде инвестициялық жобаларды қаржыландыру міндеттемелері кіреді, оның ішінде:

- 56.770 миллион теңгеден артық емес мөлшерде «KPI Inc.» ЖШС жарғылық капиталындағы «Фирма АЛМЭКС ПЛЮС» ЖШС қатысу үлесінің 48% ОХК сатып алуын қаржыландыру;
- «Атырау облысында интеграцияланған газ-химия кешенін салу (бірінші фаза)» инвестициялық жобасының іске асырылуын 92.316 миллион теңгеден артық емес мөлшерде, оның ішінде «Атырау облысында интеграцияланған газ-химия кешенін салу (екінші фаза)» инвестициялық жобасының іске асырылуына бұрын бөлінген 12.495 миллион теңге сомасындағы қаражат есебінен қаржыландыру;
- 3.434 миллион теңге мөлшерінде «Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймақты құру» жобасын қаржыландыру.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен инвестициялық жобалар бойынша міндеттемелер

2017 жылғы 31 желтоқсанда Қордың республикалық бюджет қаражаты есебінен инвестициялық жобаларды іске асыру міндеттемелері 2.030 миллион теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанда: 2.030 миллион теңге) мөлшеріндегі соманы құрады.

29. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Берілген қарыздар

2018 жылғы 28 ақпанда және 2018 жылғы 24 сәуірде Қор «Qazaq Air» АҚ-ға 2017 жылғы 29 наурызда жасалған қарыз шарты бойынша әуе кемелерінің лизингін төлеу, инженерлік-техникалық сүйемелдеу, ұшатын персоналды сақтандыру және жалдау мақсатында жалпы сомасы 3.000 миллион теңгеге екі кезекті транш берді.

Қор 2018 жылғы 13 наурызда Жылжымайтын мүлік қорына Ұлттық қордың қаражаты есебінен «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асыру шеңберінде коммерциялық тұрғын-үй салуды қаржыландыру үшін 2.654 миллион теңге мөлшеріндегі кезекті траншты берді.

2018 жылғы 3 сәуірде «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ 7.752 миллион теңге мөлшерінде капиталдандырылған сыйақыны ескере отырып қарызды мерзімінен бұрын өтеді.

Алынған қарыздар

Қор Басқармасының 2018 жылғы 3 наурыздағы Шешіміне сәйкес ҚМГ-дан қаржылай көмек шартында көзделген міндеттемелер сомасын 800.000 миллион теңгеге дейін және қарыз мерзімін бірінші транш алынған күннен бастап 7 жылға дейін ұлғайту мақұлданған. Қосымша келісім Қордың Директорлар кеңесінің оң шешімі қабылданғаннан кейін жасалады.

2018 жылғы наурызда - сәуірде Қор ҚМГ-дан 23.952 миллион теңге мөлшерінде қосымша транштар алды.